**2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

240, 241, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288, 289, 290, 291-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
240-ҚОСЫМША

*Ескерту. 240-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.29. N* 438 *, 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1417120 мың теңге (бір миллиард төрт жүз он жеті миллион бір жүз жиырма мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8, 12, 21, 27, 30, 35-баптары ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3, 21-24-баптары ; Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы ; "

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы ; " Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 976 қаулысы ; " Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялаудың жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 421 қаулысы ; "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 460 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шараларының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 812 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың орындалуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ғылыми зерттеу ұйымдарын жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; лицензиялар беру және білім беру, ғылым ұйымдарының біліктілік талаптарын сақтауын бақылау; өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру; балалардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету; білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру; білім беру саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; білім беру сапасын басқаруды жүзеге асыру; білім беру мен ғылым саласында нысаналы және халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау өткізу, жоғары оқу орындарын және колледждерді аккредиттеу; ғылыми ұйымдарды аттестаттау және аккредиттеу; мемлекеттік аттестаттау рәсімін өткізу үшін аттестаттау комиссиясының қызметіне ақы төлеу. Лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, мемлекеттік лицензиялар мен қосымшалардың бланктерін жасап шығару қызметін сатып алу бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету. Спорттық-сауықтандыру шараларын өткізу. Мемлекеттік үлгідегі құжаттар мен медальдарды әзірлеу және беру бойынша қызметтерді сатып алу. Мұғалімдер, тәрбиешілер және білім беру ұйымдары арасында республикалық олимпиадалар мен конкурстар ұйымдастыру және өткізу. Балалардың құқықтарын қорғау саласында социологиялық зерттеулер жүргізу. | | ғылым министрлігі |
| 2-1 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппараты | БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясын, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, балалардың конститу-циялық құқықтарын, заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу; ауыр жағдайда қалған балалардың тұрмыс | жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы Білім және ғылым министр-лігінің Балалар-дың құқық-тарын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сапасын жақсарту үшін жағдай жасауға жәрдемдесу; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру. | | қорғау комитеті, облыстық балалар-дың құқық-тарын қорғау басқар-малары |
| 3 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру үшін мынадай тақырыптар бойынша қызметтерді сатып алу: 1) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің өзекті мәселелері; 2) мемлекеттік тілде құжаттарды рәсімдеудің ерекшеліктері; 3) құжат айналымы мен іс жүргізудің тиімділігін арттыру шаралары; 4) бюджеттік саясат және бюджеттік процесс; 5) Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет, жетілдірудің проблемалары мен жолдары. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту. | 2 - 4 тоқсандары | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| 4 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Мемлекеттік органға жүктелген функцияларды тиімді және сапалы орындау мақсатында материалды-техникалық құралдармен жарақтандыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Технологиялық қамтамасыз ету , техникалық қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді және бағдарламалық қамтамасыз етуді алып жүру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| 6 | | 100 | Ғылыми кадрларды аттестациялау | Бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер тағайындау және ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестаттау істерін ұйымдастыру және қарау. Мемлекет атынан дипломдар | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мен аттестаттарды рәсімдеуді және тапсыруды жүзеге асыру. Экспорттық комиссиялар мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеу. 1920 данада аттестаттау ісін қарау. | | және аттесттатау комитеті |
| 7 | | 102 | "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" грантын табыс ету | 200 "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау және беру. | 1-тоқсаны | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың қалыптасуын қамтамасыз ету; 30 адамның кәсіби деңгейін арттыру, 90 адамды мемлекеттік тілге оқыту, 40 адамды ағылшын тіліне оқыту.
Түпкі нәтиже:
халықаралық стандарттарды енгізуді есепке ала отырып білім жүйесін жетілдіру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға кететін орташа шығындар - 5,03 мың теңге,
бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді үйретуге кететін орташа шығындар - 30,61 мың теңге,
бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін үйретуге кететін орташа шығындар - 19,2 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға және бекітілген қаржыландыру жоспарларына сәйкес министрлік аппаратын ұстауға бөлінген бюджеттік қаражатты игеру.
Сапасы: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың мәртебесін көтеру.
Қазіргі экономикалық талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай келетіндей арттыру.
Мемлекеттік тілді үйрету курсынан өткен мемлекеттік қызметшілердің 45 пайыз іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін болады, 2 пайыз - ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
241-ҚОСЫМША

*Ескерту. 241-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 9211576 мың теңге (тоғыз миллиард екі жүз он бір миллион бес жүз жетпіс алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығы "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы"; "Республикалық бюджет есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 Қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 желтоқсан N 1385 ; "2006-2008 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында биотехнология жөніндегі кластерді қалыптастыру үшін қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 554 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы N 1025 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканың базалық салаларының қажеттіктерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістер ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау, "зерттеу-әзірлеу-кадрлар даярлау-өнеркәсіптік игерудің бірыңғай ғылыми-өндірістік" тізбекке көшуге септігін тигізетін ғылыми-техникалық және өзге салаларда инновациялық қызметті дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық технологиялардың бәсекелестік қабілетін көтеру, өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларын тұрақты дамыту үшін жағдай жасау; елдің экспортқа бағдарланған өнеркәсіп кешенін құру мақсатымен ғылым мен отандық жаңа технологиялар жетістігін іске асыру. Қажетті жабдықтар мен аспаптар, реактивтер , қосалқы бөлшектер сатып алуда бірінші кезектегі қажеттікті қанағаттандыру; ғылыми ұйымдарды осы заманғы жабдықпен, аспаптармен және есептеу техникасымен

жарақтау; осы заманғы жоғары өнімді жабдықтарды және ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, деректердің электрондық каталогі мен проблемалық базаларын жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер | | | |
| 2 | | 100 | Іргелі ғылыми зерттеулер | Орталықтардың және институттардың 5 басымды ғылыми бағыттарға сәйкес 6 бағдарлама бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуі:<br>1) физика, математика, механика және информатиканың іргелі мәселелері;<br>2) ғарыш кеңістігін зерттеу және қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін дамыту, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуы мүддесінде Жерді ғарыштан зерттеу;<br>3) әр түрлі функционалды бағыттардағы ғылыми негіздер мен жаңа перспективалы материалдарды жасау технологияларын әзірлеу;<br>4) минералдық және су ресурстарын, геологиялық-географиялық жүйелерді толтыру және игеру, табиғи және техногендік апаттардан келген шығындарды азайту мәселелері бойынша ғылыми қамтамасыз ету;<br>5) денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығында және қоршаған ортаны қорғау үшін ғылыми сыйымды технологияларды жасаудың биологиялық негіздері;<br>6) Қазақстанның еркін демократиялық қоғамға қозғалысының әлеуметтік-экономикалық, саяси | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және тарихи-мәдениеттік модельдері мен механизмдерін жүйелі негіздеу және әзірлеу, қазіргі заманға жаһанданған процестерінің контексінде Қазақстанның жылдамдатылған модернизациялануының ғылыми-әдістемелік стратегиясын дамыту.<br>Келесі ғылыми ұйымдардың ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған капиталды трансферттерді аудару: Космосты зерттеулер институты; Астрофизикалық зерттеулер орталығы;<br>Тянь-Шандық астрономиялық обсерваториясы;<br>Ғылыми-техникалық ақпарат ұлттық орталығы; Биотехнологиялар ұлттық орталығы және оның филиалдары.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтардың тізбесіне сәйкес іргелі ғылыми зерттеулер жүргізетін Биологиялық зерттеулер орталығымен ғылыми ұйымдардың жабдықтар сатып алуларына арналған капиталдық трансферттер аудару. | | ғылым комитеті |
| 3 | | 101 | Қолданбалы ғылыми зерттеулер | "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ғарыштық қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын және мемлекеттік маңызы бар 5 ғылыми техникалық бағдарламаларды іске асыру:<br>1) 2006-2008 жылдарға арналған биотехнология жөніндегі кластер қалыптастыру және дамыту үшін Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу;<br>2) 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын фармацевтикалық кластерін дамыту үшін экспортқа бағдарланған бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу;<br>3) 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының биологиялық және химиялық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қауіпсіздігін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету; 4) 2006-2008 жылдарға арналған құс тұмауы: зерттеу, күресу заттары мен әдістерін әзірлеу; 5) 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында наноғылымды және нанотехнологияларын дамыту. 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ғылым мен ғылыми-текникалық саланың ақпаратты инфраструктурасын дамыту жөніндегі қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Ғылым саласындағы ұлтаралық ынтымақтастық. Биологиялық зерттеулер және биотехнология орталықтарының ғылыми қызметкерлерін тағылымдамадан өткізу және оқыту. Қазақстанның даму негізі ретінде Ұлттық идея бағдарламасы шегінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу (ұлтаралық, конфессиялық, азаматтық және рухани келісім саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер). Түркияда, Өзбекстанда, Әзірбайжанда, Түркіменстанда және басқа да елдерде латын әліпбиіне көшу тәжірибелерін зерделей отырып, ғылыми зерттеулер. | | ғылым комитеті |
| 4 | | 102 | Ғылыми-техникалық сараптама | Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға ғылыми-техникалық сараптама жүргізу; Бағдарламалар мен жобалар жөніндегі есептердің аралық және қорытынды сараптамасын өткізу. Халықаралық сарапшылардың қатысуы мен министрлігінің басымды ғылыми бағыттар, ғылыми-техникалық бағдарламалар және ғылыми әлеует бойынша сараптама жасау. ЖҒТК жанындағы халықаралық эксперттік кеңестің ғылыми-техникалық сараптама жүргізуі. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | | 104 | Жоғары оқу орындары ғылыми лабораторияларын жабдықтау | Келесі ЖОУ ғылыми-зертханалық жабдықтар сатып алу үшін күрделі трансферттер аудару: Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті; Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті; Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті; М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті; Атырау мұнай және газ институты; М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. | 1-тоқсаны | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.19 .* N 1099 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: конкурс нәтижесіне сәйкес басым бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген тақырыптар бойынша, іргелі және қолданбалы ғылыми бағдарламалар бойынша жобалар жүргізу. 12 ғылыми ұйымдарға, соның ішінде жоғары оқу орындарындағы 10 ғылыми лабораторияларға жекелеген құралдары және жабдықтарды сатып алу және 5 ғылыми ұйымдарға ғимараттарын күрделі жөндеу. Жабдықтар сатып алу ғылыми ұйымдардың ағымдағы міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындауына мүмкіндік береді және олардың өңдейтін ақпаратының шапшаңдығын арттырады. Ғылыми ұйымдардың ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу ғылыми қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді;
ғылыми ұйымдардың ғылыми жабдықтармен жабдықталуының 58 %;
ғылыми ұйымдарда күрделі жөндеу жүргізудің жалпы қажеттілігінен 32%.
Түпкі нәтиже: табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы принципиалды жаңа білімдер алу, жүйелі экономиканың қайта ұйымдастыру ғылыми негіздерін әзірлеу, қоғамның, мәдениеттің, ғылымның тұрақты дамуы; Қазақстандық ғылым ұстанымының ТМД

қатысушы елдердің жалпы ғылыми-технологиялық кеңістігі шеңберінде және ғылыми еңбектің әлемдік бөлігінде нығайту; экспорттық және импорты ауыстырушы өнімдерді көбейту және ғылыми өндірістерді дамытуға ықпал ететін тез сатылып алынатын әзірлемелерді құру және енгізу; синтетикалық және табиғи медициналық дәрі-дәрмектерді шығару; өнімі мол түрдегі ауыл шаруашылық дәнді дақылдарды жылдам жасау әдістерін әзірлеу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- бір ұйымға жабдықтар сатып алуға арналған орташа шығыстар - 222 900 000,0 теңге;
- бір ұйымның күрделі жөндеуіне арналған орташа шығыстар - 81417600 теңге;
- жоғары оқу орындарындағы бір ғылыми лабораторияға сатып алынатын жабдықтарға кететін орташа шығыстар - 200 000 000,0 теңге.
Уақтылығы: шарт бойынша жұмысты жүргізу кестесіне сәйкес.
Сапасы: ғылыми мақалалар, авторлық куәліктер, патенттер, технологиялық регламенттер, тәжірибе үлгілері, технологиялық процестер.
Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы сұраныстарына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
242-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 6 763 мың теңге (алты миллион жеті жүз алпыс үш мың теңге).
*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 31-бабы ; " Академик Қ.И.Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : академик Қ.И.Сәтпаевтың мұраларын сақтау, мұражай қорлары мен мұрағаттарда жатқан көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтпаевтың өмірі мен қызметі туралы ілім-білімді білімдік-тәрбиелікпен және мақсаткерлікпен таратуды жүзеге асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке, интеллектуалдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау | Академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайында академик Қ.Сәтпаевтың өмірі мен қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды сақтауды, есепке алуды, зерделеуді, жария ету және пайдалануды қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, "Академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы" мемлекеттік мекеме |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: - мұражайға келген азаматтардың орташа жылдық саны кем дегенде 5250 адам. Түпкі нәтиже: жұртшылықты Қазақстан Республикасындағы ғылым мен техниканың дамуының тарихи көріністерімен таныстыру Өскелең ұрпақтың ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтпаевтың қызметіне және тұтас алғанда Қазақстан ғылымына деген танымдық қызығушылығын дамыту; ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтпаевтың өмірін, ғылыми және қоғамдық қызметін насихаттау арқылы өз өмірін Қазақстанның ғылымы мен техникасын дамытуға арнағысы келетін жастардың санын көбейту, олардың Отанға деген патриоттығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- бір мұражай экспонатын сақтауды қамтамасыз етуге арналған орташа шығыс - 9393 теңге.

Уақтылығы: Көзделген кесте бойынша жоспарланған іс-шаралар өткізу.
Сапасы: республика халқының мәдени деңгейін көтеру және мұражай коллекциясы базасында Ғылым академиясының бірінші Президенті Қ.Сәтпаевтың қызметімен жұртшылықты таныстыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
243-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Ғылыми объектілерді салу және реконструкциялау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 500000 мың теңге (бес жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының ғылыми мүмкіндіктерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ғылыми объектілерді салу және қайта жаңғырту жолымен қайталанбас ғылыми-техникалық объектілерді сақтау және мемлекеттік ғылыми инфрақұрылымын дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Ғылыми объектілерді салу және реконструкциялау | Белгіленген тәртіппен бекітілген (жұмыс жобасы бойынша 27.07.2006 жылы N 7-89-1/06 мемлекеттік сараптама қорытындысы) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "Орталық ғылыми кітапхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының ғимараттар кешенін қайта жаңғыртуға арналған инвестициялық жобаны іске асыру. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: объектілерді қайта жаңғырту бойынша жұмыстар көлемін атқару. Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының ғылыми мүмкіндіктерін жоғарылату және

отандық, шетелдік кітапханалық қорға қызмет көрсету және сақтау жағдайын жақсарту үшін объектілерді пайдалануға беру.
Уақтылығы: бекітілген келісімдерге сәйкес жұмыс өндіру графигі бойынша жұмыстар көлемін атқару.
Сапасы: Қазақстан Республикасы территориясында іске асырылатын құрылыс нормалары және ережелеріне байланысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
244-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 408 838 мың теңге (төрт жүз сегіз миллион сегіз жүз отыз сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 19, 24, 31-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4, 5, 26-баптары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан ғылыми қауымдастығының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту; ақпараттық қызмет көрсетулердің жаңа деңгейін ұсыну; практикалық қызметке ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық енгізуге ықпал ету; ғалымдардың жетістіктерінің ақпараттық қызмет жүйесін нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикадағы ғылыми қоғамдардың білім беру қажеттіліктерін және отандық ғылым жетістіктерін насихаттау үшін ақпараттық кеңістікке қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жауапты орындаушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету | Ғылыми-техникалық, ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету. (Пайдаланушылардың ағымдағы ақпараттық сұраныстары мен Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып, кітап қорын толықтыруды ұйымдастыру және кітапхана әрі кітап қорымен жұмыс істеу). Күрделі жөндеу жүргізу үшін Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасының трансферттер аударуы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес негізгі құрал жабдықтарды сатып алуға күрделі трансферттерді Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасына және Орталық ғылыми кітапханасына аудару. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасына активтер (бағалық ұсыныстар мен жазылу басылымдарын) сатып алу. Ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті<br>"Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана" мемлекеттік мекеме |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- кітапхана қызметін пайдаланған азаматтардың орташа жылдық саны кем дегенде 184 164 адам;
- кітапхана қорының жаңа өзекті басылымдармен және әдебиеттермен толығуы кем дегенде 152 280 дана;
- Ғалымдар үйімен 120 іс-шара өткізу;
Республикалық ғылыми-техникалық кітапханалардың Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстарындағы филиалдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Түпкі нәтиже:
- оқырмандар сұраныстарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, ғалымдар мен мамандардың өздерін қызықтыратын ғылым салаларының әлемдік ғылыми жетістіктері туралы көкейкесті әрі жедел ақпаратқа деген сұраныстарын қанағаттандыру;
- Электрондық кітапхананың үлгісі мен қорын құру және толықтыру;
- жиынды ақпараттық ресурстарды толықтыру, сондай-ақ кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- насихаттау жөніндегі бір іс-шараны өткізу құны - 41,1 мың теңге;
- бір оқырман шығындарының құны - 2 220,0 теңге.
Сапасы: ғалымдардың, оқытушылардың, оқитындардың рухани, зияткерлік білімге деген қажеттіліктерін жоғарылату.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
245-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 86727 мың теңге (сексен алты миллион жеті жүз жиырма жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290 қаулысы ; "Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және талапты жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы ; "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы; "Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 мамырдағы N 477 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : 1) әлеуетті сақтау және ғылыми қызметтер саласына жастардың келуін қамтамасыз ету;
2) жыл бойындағы неғұрлым маңызды ғылыми нәтижелерді анықтау және бағалау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : отандық ғылым мен техниканың дамуына үлкен үлес қосқан жас дарынды ғалымдарды әлеуметтік қолдау; ғылыми-техникалық қызметті материалдық ынталандыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асы жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар | Мынадай конкурстар өткізу: - мемлекеттік ғылыми стипендиялар үшін; Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлық Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық Д.Қонаев атындағы сыйлық М.Әуезов атындағы сыйлық Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық Күл-Тегін атындағы сыйлық Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларына сәйкес сыйақылар төлеу . Академиялық стипендиялар мен ғылыми стипендияларды ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға, дарынды жас ғалымдарға төлеу. Лауреаттарды марапаттауды ұйымдастыру, дипломдар мен құрмет белгілерін тапсыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
53 академикке
ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан 75 ғалымға
150 дарынды жас ғалымға стипендия төлеу
- мемлекеттік сыйлық төлеу - 20
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
Академиктерге 65 520 теңге мөлшерде стипендия; ғылымды дамытуға үлес қосқаны үшін стипендия 10 920 теңге мөлшерінде;
Жас ғалымдарға - 7 644 теңге; төрт бірінші сыйлық мөлшері - 218 400 теңге;
Үш екінші сыйлық мөлшері - 163 800 теңге; алты үшінші сыйлық мөлшері - 54 600

теңге;
алты Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы мөлшері - 18 000 000 теңге.
Уақтылығы: стипендияларды ай сайын төлеу, сыйлықтар - 25 қазан, 16 желтоқсан
Сапасы: отандық ғылым мен техниканы сапалы дамыту үшін жаңа білімдер алуға ынталандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
246-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және байқаудан өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және жеткізу" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 191463 мың теңге (бір жүз тоқсан бір миллион төрт жүз алпыс үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 18, 20, 30-баптары ; "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау арқылы түзету туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Шет елде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысы ; "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : оқушылар мен тәрбиеленушілерді, мұғалімдерді сапалы оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету арқылы жоғары білікті мамандарды дайындауға ықпал ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : оқу әдебиетіне қол жеткізуші оқушылар мен тәрбиеленушілердің, мұғалімдердің пайызын көтеру. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сапасымен қанағаттандырылған мұғалімдердің пайызын арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және байқаудан өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және жеткізу | Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерін жасау және аудару. Электрондық оқулықтарды әзірлеу. Мектепке дейінгі 5-жастағы балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару, тәжірибеден өткізу және тасымалдау. Білім беру саласында қызмет көрсетуші республикалық ұйымдар және шет елдегі қазақ диаспорасы үшін оқулықтар мен қазақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару және тасымалдау. 12-жылдық мектептерге оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, басып шығару, тәжірибеден өткізу және тасымалдау. Оқу әдебиеттеріне сараптама жасау. "Өзін өзі тану" пәні бойынша оқу әдебиеттерін әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

1. Арнаулы (түзету) ұйымдары үшін:

- 0,1-9 сыныптары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жасау - 18 атау;
- 0, 1, 4 сыныптары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер аудару - 8 атау.

2. 1 сыныптары үшін орысша және қазақша тілдерде электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленген - 10 атау.

3. Мектепке дейінгі 5-жастағы балаларды дайындау үшін оқу-әдістемелік кешендер басып шығарылған, тәжірибеден өткізілген және тасымалданған - 52 атау.
4. 2007-2008 оқу жылында 7, 11 сынып оқушыларын оқу әдебиетімен қамтамасыз ету:
- республикалық білім беру ұйымдары:
7-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 46 атау;
орыс тілінде - 47 атау;
11-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 134 атау;
орыс тілінде - 126 атау;
- шетелдегі қазақ диаспорасы бойынша:
11-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 102 атау.
5. 12-жылдық мектептерге 4, 5-сыныптары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленген:
4-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 16 атау;
орыс тілінде - 16 атау;
5-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 46 атау;
орыс тілінде - 47 атау;
12-жылдық мектептер үшін 4, 5-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін басып шығарылған, тәжірибеден өткізілген және тасымалдаған:
4-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 42 атау;
орыс тілінде - 42 атау;
5-сынып бойынша:
қазақ тілінде - 46 атау;
орыс тілінде - 47 атау.
6. Оқу әдебиеттеріне сараптама жасау 1179 атау.
7. "Өзін өзі тану" пәні бойынша:
- 5-10 сыныптар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленген - 21 атау.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
Жоспарланған оқу әдебиетінің орташа бағасы:
1. Арнаулы (түзету) ұйымдары үшін 1 басымдылық парағының орташа бағасы:
- оқулықтарды әзірлеу - 30000 теңге;
- оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу - 22000 теңге;
- оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аудару - 18000 теңге.
2. 1-сыныптар үшін қазақ және орыс тілдерінде электрондық оқулықтарды және

оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу 1 оқу әдебиетінің бағасы - 1500000 теңге.
3. Мектепке дейінгі 5-жастағы балаларды дайындау үшін оқу-әдістемелік кешендердің 1 экземпляр басып шығару - 430.
4. 2007-2008 оқу жылында республикалық білім беру ұйымдары және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін 7, 11 сынып оқушылары үшін оқу-әдістемеліктің 1 экземпляры:
- оқулықтар - 430 теңге;
- оқу-әдістемелік кешендер - 200 теңге.
5. 12-жылдық мектептерге 4, 5-сыныптары үшін:
- оқулықтың 1 басымдылық парағын әзірлеу - 24000 теңге, оқу-әдістемелік кешендердің 1 басымдылық парағын әзірлеу - 18000 теңге;
- оқулықтың 1 экземплярын басып шығару - 430 теңге, оқу-әдістемелік кешендердің 1 экземплярын басып шығару - 200 теңге.
6. Оқу әдебиетін сараптау - 4658 теңге.
7. "Өзін өзі тану" пәні бойынша:
- оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің 1 басымдылық парағын әзірлеу - 19393 теңге.
Түпкі нәтиже:
білім деңгейін көтеру үшін оқушылар мен оқытушылардың оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сұраныстарын қамтамасыз ету.
Уақтылығы: республикалық жалпы орта білім беру ұйымдары және шетелдегі қазақ диаспорасын оқу жылының басына қарай оқу әдебиетімен қамтамасыз ету - 100 пайыз.
Сапасы: мемлекеттік сараптаманың болымды қорытындысымен оқу әдебиетін дайындау, аудару және басып шығару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
247-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1485895 мың теңге (бір миллиард төрт жүз сексен бес миллион сегіз жүз тоқсан бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 24, 36, 37-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004

жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі ; "Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 1168 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 карашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бүгінгі өркениеттің түбегейлі жаңару жағдайында ойлау мен іс-әрекетке қабілетті жан-жақты дамыған, үйлесімді адамды тәрбиелеу, дарынды балаларды әлеуметтік, құқықтық және парасаттық жағынан қорғау , парасаттық мүмкіндікті қалыптастыруға ықпал жасау, республиканың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға халықты қанағаттандыру үшін оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруге себеп жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарынан келген дарынды балаларды оқыту. Оқушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламалар бойынша бейімдік пәндер арқылы тереңдете даярлау. Адамның жеке бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Дарынды балаларды табуға қажетті жағдайлар жасау. Оқушыларды олимпиадаларға, жоғары оқу орындарына түсуге іріктеу және даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу | Оқу процесін бейімдік пәндерді тереңдете оқытатын Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес өткізу, мектеп-интернаттар бойынша басты құралдар сатып алу және күрделі жөндеу жүргізу:<br>- әскери мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі<br><br>Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оқыту; - музыка мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту; - мемлекеттік тілі мен әдебиетін тереңдете оқыту және дамыту; - жаратылыс-математика ғылымын тереңдетіп оқу; Балалардың сауықтандыру, демалыс кезінде жалпы білім бағдарламаларын жүргізу. "Өзін-өзі тануы пәні бойынша эксперимент жүргізумен жалпы білім бағдарламаларды өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бекіткен тізімге сәйкес "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына басты құралдар алуға күрделі трансферттер аудару. | | республикалық Шымкент әскери мектеп-интернаты, Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты, Б.Момыш-ұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты О.Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
1. Оқушылардың орташа саны: мемлекеттік мекемелерде - 3036, оның ішінде: әскери мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту бойынша - 1350, музыка мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту бойынша - 480, мемлекеттік тілі мен әдебиетін тереңдете оқыту бойынша - 370, жаратылыс-математика ғылымын тереңдетіп оқу бойынша - 836.
"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығының оқушыларының саны - 560.

"Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығының бір кіруі - 288 құрайды.
2. Басты құралдар алу:
1) 6 республикалық мемлекеттік мекемелер үшін, оның ішінде:
Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы республикалық Шымкент әскери мектеп-интернатына 9-дан кем емес (қыздыратын электр пеші - 1 дана, су өлшейтін прибор - 2 дана, жылу энергиясын өлшейтін прибор - 3 дана, электр энергиясын өлшейтін прибор - 2 дана, физика кабинеті- 1 комплект);
Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатын 9-ден кем емес (кондиционер - 6 дана, күзет жүйесінің байқау бейнесі - 1 дана, физика кабинеті - 1 комплект, компьютерлік класс -1 комплект);
Б. Момышұлы атындағы республикалық мамандандырылған Алматы әскери мектеп-интернатына 6-дан кем емес (цифрлік фотокамера - 1 дана, физика кабинеті - 1 комплект, үрлеп ойнайтын музыкалық аспаптар оркестрі - 4 дана);
Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатына 13-тен кем емес (музыкалық аспаптар - 11 дана, комплектелген эстрадалық соқпалы аспабы - 1 комплект, сипау сырғанағы - 1 дана);
Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатына 6-дан кем емес (асханалық жабдықтар - 4 дана, күрестік кілемге арналған төсеу - 1 дана, физика кабинеті - 1 комплект);
О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатына 2-ден кем емес (физика кабинеті - 1 комплект, биология кабинеті - 1 комплект);
2) Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына, "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына 75-тен кем емес.
3. 5 республикалық мектеп-интернаттарға күрделі жөндеу жүргізу, оның ішінде:
Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы республикалық Шымкент әскери мектеп-интернаты, Б. Момышұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты, Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты, Республикалық мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты, О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты.
Түпкі нәтиже:
оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруде халықты қанағаттандыру үшін республиканың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру.
Мектеп-интернаттарды басты құралдармен қамтамасыз етудің үлесі сұраныстың 20

пайызын құрайды, мемлекеттік мекемелерді күрделі жөндеуден өткізудің үлесі сұраныстың 10 пайызын құрайды.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
Бір оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің бір жылдық құны (күрделі шығындарды қоспағанда):
1) мемлекеттік мекемелерде - 295,47 мың теңге;
2) мемлекеттік кәсіпорындарында - 71,92 мың теңге.
Уақтылығы: оқу бітіруші оқушылардың іс жүзіндегі саны 850 адамнан кем емес.
Сапасы: республикалық мемлекеттік мекемелерді "жақсы" және "өте жақсы" бағалармен аяқтаған оқушылардың үлесі 65 пайыздан кем емес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
248-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 377 801 мың теңге (үш жүз жетпіс жеті миллион сегіз жүз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18, 19, 24, 36, 37-баптары ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : танымға және өркениетке тұлғаның дамуын дәлелдеу. Дарынды балалар мен жастарды тани білудің, іріктеудің, қолдаудың, дамытудың және білім жоғары деңгейін қамтамасыз етудің жүйесін жасау, қазіргі

өркениетті түпкілікті өзгертудің жаңа жағдайында ойлауға және әрекет етуге қабілетті шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру, дене тәрбиесі саласында практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, мектеп жасындағы балалар, оқушы жастар арасында дене тәрбиесін жетілдіру; республикалық шараларды ұйымдастыру, жеке адамның дербес бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу, халықаралық спорттық универсиадаларға қатысу, дарынды білім алушыларды тани білу, республикалық конкурстар, көрмелер, спорттық кешендік іс-шаралар өткізу, балалардың мәдени демалысын ұйымдастыру, дарынды балаларды іздестіру, тәрбиелеу, оқыту және қолдау жөніндегі практикалық қызметті дамыту үшін басқару жүйесін құру, дарынды балаларды тани білу үшін қажетті жағдайлар жасау, халықаралық олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, әлеуметтік, құқықтық және дарынды балаларды мен жастарды интеллектуалдық жағынан қорғау, интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға себеп жасау. Қазақстан Республикасында жеке адамның дарындылығын дамытудың инновациялық білім технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу | Республикалық деңгейдегі шараларды ұйымдастыру: Президенттік жаңа жыл шыршасы; Қазақстан Республикасы Президентінің дарынды балалармен кездесуі; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің дарынды балалармен кездесуі; Жалпы білім беру пәндерінен халықаралық олимпиадалар мен жарыстар өткізу; Жалпы білім пәндері бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасы; Оқушылардың ғылыми жобаларының жарыстары; Дарынды балалармен іс-шаралар өткізу; Физикадан Азия халықаралық олимпиадасына халықаралық ғарыш кемесі лагеріне, астрономия, химия, биология, география, шет тілдері, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | информатика пәндері бойынша олимпиадаларға қатысу. Математика бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Елдің ауылдық жерлері мен алыс өңірлерінен келген дарынды балалардың мәдени демалыстарын ұйымдастыру.<br><br>Республикалық маңызы бар балалар мен жасөспірімдерді қосымша жетілдіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Семинарларды, конкурстарды, көрмелерді, конференцияларды ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Балалар мен жасөспірімдер және студенттердің республикалық ашық турнирлерін, жарыстарын, универсиадаларын, спартакиадаларын өткізу.<br><br>Универсиадаларға, чемпионаттарға қатысу.<br><br>Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған республикалық конкурстарды және бірінші ұлттық ашық конкурс өткізу. Балалардың жазғы және мәдени демалыстарын ұйымдастыру.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы үшін негізгі құралдарды сатып алуға күрделі трансферттер аудару. | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің балалар құқығын қорғау комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: халықаралық республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, семинарлар, конференцияларға, көрмелерге, семинарларға, спорттық шараларға, универсиадаларға, спартакиадаларға, чемпионаттарға, мәдени демалыстарға қатысушы

оқушылардың саны - 50 мыңнан астам. Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығына, "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталықтарына 14 бірліктен кем емес басты құралдарды алу. Түпкі нәтиже: балалардың өзін-өзі билеуінің кәсіби деңгейі. Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары қажеттілігінің 58 пайызын жарақтандыру. Қаржылық-экономикалық нәтиже: халықаралық, республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобалар жарыстарына, спорттық шараларға, универсиадаларға, спартакиадаларға, чемпионаттарға және тағы басқа іс-шараларға қатысушыларының 1 адамына арналған шығынның орташа есебі - 7,3 мың теңге. Уақтылығы: кесте бойынша жұмыс жүргізу. Сапасы: халықаралық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар жарыстарының, спорттық шаралардың, универсиадалар, спартакиадалар, чемпионаттардың жеңімпаздарының үлесі ағымдағы жылда қатысушылардың жалпы санының 0,7 пайызын құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 249-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Білім беру және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 8030867 мың теңге (сегіз миллиард отыз миллион сегіз жүз алпыс жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының ғылымын дамыту, экономиканың барлық саласына жоғары деңгейлі және бәсекелік мүмкіндігі бар кадрларды дайындау сапасын жоғарлату және жеке адаммен қауымның қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : білім және ғылым объектілерін салу және қайта жаңғырту жолымен білім және ғылым мекемелерін қазіргі уақыттық әлеуметтік-экономикалық жағдайға жеткізу, білім берудің барлық деңгейіндегі ұйымдарда оқушылардың білім алу жағдайын жақсарту, білім беру және ғылым ұйымдарының желісін дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Білім беру және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау | Берілген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама шараларына сәйкес "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14 желтоқсандағы 2006 жылғы N 1204 Қаулысына 3-қосымшаға сәйкес қаржы шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру:<br>Астана қаласының дарынды балаларға арналған Республикалық мектеп интернатының құрылысын жалғастыру (жұмыс жобасы бойынша 2006 жылғы 29 шілдеде N 2-405/06 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы);<br>Алматы қаласындағы қазақ тілінде оқытатын жетім балаларға арналған білім беру орталығының құрылысын жалғастыруға капиталдық | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | трансферттерді аудару (жұмыс жобасы бойынша 2005 жылғы 5 наурыздағы N 7-94/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің университет қалашығының екінші кезектегі нысандарын салу, соның ішінде: физикалық, географиялық, химия, механика-математикалық факультеттерінің, ғылыми зерттеу институтының корпустарының құрылысын жалғастыруға капиталдық трансферттерді аудару; Қарағанды қаласында көру проблемалары бар балалар үшін 250 орындық мектеп-интернатының құрылысын жалғастыру ( жұмыс жобасы бойынша 2006 жылғы 26 шілдеде N 12-162/06 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Петропавл қаласындағы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жүзу бассейнін салуға капиталды трансферттерді аудару ( технико-экономикалық негіздемесі бойынша 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 17-240/25 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Атырау облысы Атырау қаласындағы мұнай-газ салаларында жұмыс істейтін техникалық қызмет көрсету кадрларын даярлайтын және қайта даярлайтын аумақаралық кәсіби орталықты салу ( технико-экономикалық негіздемесі бойынша 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N7-495/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Түркістан қаласындағы | | Алматы қаласындағы О.Жаутықов | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Халықаралық А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің бас оқу корпусин салуға капиталдық трансферттерді аудару (2004 жылғы 16 шілдедегі N 7-313/2004 локальдық сараптаманың қорытындысы);<br>Қазақстан Республикасының ұлттық Биотехнология орталығын салуға капиталдық трансферттерді аудару ( технико-экономикалық негіздемесі бойынша 2006 жылғы 2 тамыздағы N 2-414/06 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы);<br>Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы отын энергетика саласындағы техникалық қызмет көрсету кадрларын даярлау және қайта даярлайтын 700 орынды аумақаралық кәсіби орталықтың жобалық сметалық құжаттамалар әзірлеу және мемлекеттік сараптамадан өткізу және әзірлеу;<br>Алматы қаласындағы О.Жаутықов атындағы республикалық орта мектеп-интернатының ғимараттар кешенін үлкейту;<br>Алматы қаласындағы А. Селезнев атындағы хореографиялық училищенің ғимаратын қайта жаңғыртуға капиталдық трансферттерді аудару;<br>"Адамның үйлесімді даму институты" құрылысын аяқтау (Алматы қаласында 240 орындық "Мирас" мектебі) 08.12.2006 жылғы N 7-667/06 МС);<br>Жәңгір-хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің машина жасау факультеті мен оқу-өндірістік орталығын салу; | | атындағы республикалық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ақтау мемлекеттік университетінің студенттер қалашығының құрамында инженерлік-техникалық институт оқу корпусының ғимаратын салу (жұмыс жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың 15.06.2007 жылғы N 7-314/07 қорытындысы); Алматы қаласындағы Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің объектілерін қайта жаңарту және салу (жұмыс жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың 09.12.2005 жылғы N 7-630/05 қорытындысы). | | орта мектеп-интернаты |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.12.26.* N 1291 *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: қолданысқа берілген объектілер саны - 4 объект; құрылыстық-монтаждық жұмыстарды атқару - 13 объект бойынша белгіленген ретпен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама - 1 объект бойынша. жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстардың көлемін орындау - 1 объект бойынша.
Түпкі нәтиже: жоғары деңгейлі және бәсекелік мүмкіндігі бар кадрларды дайындау сапасын жоғарлату үшін білім және ғылым объектілерін қолданысқа беру.
Уақтылығы: Бекітілген келісімдерге сәйкес жұмыс өндіру графигі бойынша жұмыстар көлемін атқару.
Сапасы: Қазақстан Республикасы территориясында іске асырылатын құрылыс нормалары және ережелеріне байланысты.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.12.26.* N 1291 *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
250-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 32 425 627 мың теңге (отыз екі миллиард төрт жүз жиырма бес миллион алты жүз жиырма жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамуының 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тиімді мектепке дейінгі және жалпы орта білім желісін әзірлеу және қол жетімділігін қамтамасыз ету; қолда бар оқу орындарының желісін сақтау және оны одан әрі дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : білім беру объектілерін салу және қайта жаңғыртуды іске асыру үшін жергілікті бюджеттерге қаржылық көмек беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысының 3 қосымшаға сәйкес | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Облыстардың, Астана және Алматы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері | (бекітілген заңнамамен белгіленген тәртіппен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес) тізбе бойынша және қаржы шегінде білім беру нысандарын орналастыруды жүзеге асыру үшін жұмыс жобаларын қайта қолдану және салу және қайта жаңғырту үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсаттық дамыту трансферттерін аудару | | қалаларын ың әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: қолданысқа берілген мектептер саны - жобалық қуаты 34974 оқушы орнымен 68 объект ;
қолданысқа берілген мектепке дейінгі балалар мекемелер саны - жобалық қуаты 1500 орындық 8 объект;
құрылыстық-монтаждық жұмыстарды атқару - жобалық қуаты 91188 орындық 145 объектіде.
Түпкі нәтиже: халыққа жалпы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін білім беру объектілерін қолданысқа беру, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды толығымен қамту үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайын жасау.
Уақтылығы: Бекіткен келісімдерге сәйкес жұмыс өндіру графигі бойынша жұмыстар көлемін атқару.
Сапасы:
- 3 ауысыммен оқитын мектептер жойылады;
- мектепке дейінгі ұйымдарға деген қажеттілігі 0,27 пайызға төмендейді;
- апатты мектептердің саны 33 пайызға төмендейді;
- оқу орындарының жалпы санына қажеттілік 27,7 пайызға төмендейді;
- мектептері жоқ ауылдық жерлердің саны 0,8 пайызға төмендейді.

* Ескерту:

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы "Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес бекітілген іс-шаралар, трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспортында көрсетіледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
251-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау"
деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 842150 мың теңге (сегіз жүз қырық екі миллион бір жүз елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 13, 33, 37-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру Тұғырнамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 594 қаулысы ; "Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жеке тұлғаның таңдаған мамандығында орта кәсіптік білім және біліктілік алу жолымен интеллектуалдық, мәдени және рухани даму қажеттілігін қанағаттандыру, орта кәсіптік білімі бар білікті мамандармен қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : орта кәсіптік білім беру оқу орындарында елімізге аса маңызды мәні бар мамандар даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | )<br>атауы | | | Жауапты орындаушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау | Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу процестерін жүргізу.<br>Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін орта кәсіптік білімді мамандарды даярлауға мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес оқушылар қабылдау.<br>Кәсіптік орта білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізім бойынша басты құралдар алуға күрделі трансферттер аудару.<br>Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжіне күрделі жөндеу өткізуге күрделі трансферттер аудару. Мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарындағы білім алушыларға қысқы және жазғы каникул кезінде көлікпен жүруге өтемақылар төлеуге трансферттер аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
Орта есеппен жылына 3165 оқушылар оқыту. Стипендиямен қамтылған білім алушылардың саны - 60 пайыздан кем емес.
Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.
Негізгі құралдарды сатып алу:
Селезнев атындағы Алматы хореография колледжіне - 8 бірліктен кем емес;
О.Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы өнер колледжі - 30 бірліктен кем емес;
Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі - 4 бірліктен кем емес;
Ж. Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі - 14 бірліктен кем емес;
Ақмола қаржы-экономикалық колледжі - 13 бірліктен кем емес.
Көлікте жеңілдікпен жүруге қаржылай өтемақы алушы оқушылардың саны 3,2 мыңнан кем емес.

Түпкі нәтиже:
ағымдағы жылда оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа тұрған және жоғарғы оқу орнына түскен оқушылардың бөлігі 70 пайыздан кем емес.
Жоспарланған оқудан шығарылған оқушылардың бөлігі - 6 пайыз аспауы керек.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жылына бір оқушыны дайындауға кететін орта шығын (күрделі шығынды қоспағанда) - 252,6 мың теңге.
Уақыттылығы: орта кәсіптік оқу орындарындағы дипломды алып, оқуды бітірген білім алушылардың саны 800 оқушыдан кем емес;
білім бағдарламаларының орындалуы, білім жоспарына сәйкес.
Сапасы: жоспарланған орта кәсіптік білімімен "өте жақсы" бағамен колледжді бітірген оқушылардың бөлігі - 10 пайыз.
Мемлекеттік аттестациядан қорытынды болымды нәтижеден колледж бітірген оқушылардың жоспарланған үлесі - 100 пайыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
252-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 139239 мың теңге (бір жүз отыз тоғыз миллион екі жүз отыз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 9-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1180 қаулысы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : білім жүйесін жетілдірудің теориялық-методологиялық негіздерін жетілдіру, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оңалту-педагогикалық және әлеуметтік қолдаудың ғылыми-әдістемелік

негіздерін, оқыту мен тәрбиенің инновациялық әдістері мен технологияларын дайындау мен іске қосуды қамтамасыз ету, реформалау процесін ғылыми және ғылыми-әдістемелік орайластыру, педагогикалық ғылымның жемісті ұйытқысын сақтау, білімді жаңғырту жағдайында біліктілік пен кәсіптік қайта даярлаудың теориялық-әдістемелік негіздері және ғылыми-әдістемесін қамтамасыз ету, әрі дамыту, оның республикалық әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролін көтеру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : реформалау процесін, білім деңгейлерін қолдау мен қызметін ғылыми-әдістемелік орайластыру, қосымша білім жүйесінде оқушыларды әлеуметтендіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, 12 жылдық жалпы орта білімді енгізу бойынша тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, дәстүрлі емес әдістерін адамның рухани әрі табиғи денсаулығына ықпал ету тәжірибесін зерттеу, педагогикалық ғылымның жемісті ұйытқысын сақтау, білімді жаңғырту жағдайында біліктілік пен кәсіптік қайта даярлаудың теориялық-әдістемелік негіздері және ғылыми-әдістемесін қамтамасыз ету әрі дамыту, оның республикалық әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Білім беру облысында конкурсты процедуралардың нәтижесінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді 3 бағытта жүргізу:<br>1) 12 жылдық жалпы орта білімді барлық деңгейін қайта құру бойынша ғылыми зерттеулер;<br>2) азаматтардың рухани және табиғи денсаулығын нығайту әрі сақтау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;<br>3) даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оңалту-педагогикалық және әлеуметтік қолдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес басты құралдар сатып алу.<br><br>"Бөбек ұлттық ғылыми-практикалық білім беру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті<br><br>Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және сауықтыру орталығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес құралдар сатып алуға күрделі трансферттерді аудару. | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: оқушылар жетістіктерін өлшеу жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздерін, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер жағдайында психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-әдістемелік негіздерін, арнайы мектепке дейінгі білімнің ғылыми-әдістемелік негіздерін, арнайы (түзету) ұйымдарында ғылыми негізінде оқыту, 12 жылдық білімді, мектепке дейінгі білімді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.
"Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығына" мемлекеттік мекемеге 5 бірліктен кем емес құралдар сатып алынады.
"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына 8 бірліктен кем емес құралдар сатып алынады.
Түпкі нәтиже: 12-жылдық мектепте, арнайы (түзету) - білім беру ұйымдарында, республиканың жоғарғы оқу орындарында мектепке дейінгі балалар ұйымдарында оқу процесін жақсарту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 ғылыми бағыттың шығыны - 46041 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: жыл бойы келісім-шарттарға сәйкес.
Сапасы: қолданбалы зерттеу есептемесінің нәтижесін пайдалану деңгейі - 100 пайыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
253-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2457650 мың теңге (екі миллиард төрт жүз елу жеті миллион алты жүз елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму

стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдаудың іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қазіргі материалдық-техникалық база құру және оны қамтамасыз ету нормативтік талаптарға сәйкестендіру, мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттарына сәйкес мемлекеттік орта білім стандарттарына сәйкес мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының оқу үрдісін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарының физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жарақтандыру үшін қаржылай қолдау .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінің физика кабинеттерін оқу құралдарымен жарақтандыруға Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер аудару. Сапалы және уақытымен мемлекеттік орта жалпы білім беру мекемелерінің физика бөлмелерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Облыстардың, Астана және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | | | Алматы қалаларының әкімдері. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

2007 жылы кемінде 747 физика кабинетімен қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

Ақмола облысы - кемінде 81 бірлік;

Ақтөбе облысы - кемінде 74 бірлік;

Алматы облысы - кемінде 81 бірлік;

Шығыс Қазақстан облысы - кемінде 102 бірлік;

Жамбыл облысы - кемінде 35 бірлік;

Батыс Қазақстан облысы - кемінде 56 бірлік;

Қарағанды облысы - кемінде 63 бірлік;

Қызылорда облысы - кемінде 18 бірлік;

Қостанай облысы - кемінде 27 бірлік;

Павлодар облысы - кемінде 57 бірлік;

Солтүстік Қазақстан облысы - кемінде 78 бірлік;

Оңтүстік Қазақстан облысы - кемінде 75 бірлік.

Түпкі нәтиже:

- халықтың барлық жіктер үшін сапалы білім алу қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- физика кабинеттерін оқу құралдары жоқ мектептер санын азайту;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету және нормативтік талаптарға сәйкес жарақтандыру;
- білім беру үрдісін оқу әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;
- мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарында оқыту сапасын арттыру;

Мемлекеттік жалпы орта білім ұйымдарындағы физика кабинеттермен жарақтандыру қажеттіліктің 100 пайызын құрайды.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 физика кабинетінің жоспарланып отырған орташа құны - 3480 мың теңге.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес физика кабинеттермен қамтамасыз ету.

Сапасы: жаңа информациялық және денсаулық сақтайтын оқыту технологиясын енгізу негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру жолымен білім алу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына
254-ҚОСЫМША
**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1433979 мың теңге (бір миллиард төрт жүз отыз үш миллион тоғыз жүз жетпіс тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36-бабы ; "Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау және төлеудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік орта оқу орындарындағы білім алушы оқушыларды әлеуметтік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалық бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде кәсіптік орта оқу орындарында білім алушы студенттер стипендияларын төлеуге стипендия мөлшерін нормативке жеткізу жолымен қаржылай көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы | Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалық бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде кәсіптік орта оқу орындарында білім алушы студенттерге стипендияларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу ор дарында оқитын студенттердің стипендияларын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | нысаналы трансферттер белгілеген мөлшерінде төлеуге арналған нысаналы ағымдағы трансферттер аудару. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде облыстардың, кәсіптік орта оқу орындарында білім алушы студенттер стипендияларын төлеуге қаржылай көмекті уақтылы төлеу. | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде кәсіптік орта оқу орындарында білім алушы студенттер стипендияларын төлеуге стипендия мөлшерін нормативке жеткізу жолымен қаржылай көмек көрсету.
Облыстар бойынша ортажылдық стипендиаттардың контингенті - 42420, оның ішінде: Ақмола - 2029, Ақтөбе - 2000, Алматы облысы - 2007, Атырау - 1425, Шығыс Қазақстан - 3179, Жамбыл - 2512, Батыс Қазақстан - 1392, Қарағанды - 5930, Қостанай - 2918, Қызылорда - 1503, Маңғыстау - 1524, Павлодар - 2286, Солтүстік Қазақстан - 2162, Оңтүстік Қазақстан - 4474, сонымен қатар Алматы қаласы - 4404, Астана қаласы - 2675.

Түпкі нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде орта кәсіптік оқу орындарында білім алушылардың оқу үлгерімдерінің көрсеткіштерін көтеру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: стипендияның ай сайынғы төлеу айырмасы 1 оқушыға 2817 теңгені құрайды.
Уақтылығы: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде орта кәсіптік оқу орындарында білім алушылардың стипендиясының айырмасын уақтылы төлеу.
Сапасы: барлық оқушылардың 84 пайызын стипендиямен қамтамасыз ету.
*) республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асырылатын шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
255-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Мәдениет пен өнер саласында үзіліссіз оқуды қамтамасыз ету" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1684939 мың теңге (бір миллиард алты жүз сексен төрт миллион тоғыз жүз отыз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 9 , 13, 15, 25, 26, 30, 36, 40, 44, 46-баптары , "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1782 қаулысы ; "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ұлттық мәдениет мұқтаждықтарын өнер мен мәдениет саласындағы кәсіптілігі жоғары мамандармен: концерттік ұйымдарда, оқу, мәдени-ағарту орындарында орындаушы-солистік жұмыстар үшін музыканттармен, музыкалық театрлар оркестрлерінің әртістерімен, дирижерларымен, композиторларымен, музыкалық фольклор мамандарымен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : музыкалық білімнің бастауыш, орта және жоғары буындарын әдістемелік біріктіру; үлгі және икемді эксперименттік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде үздіксіз оқу процесін қамтамасыз ету; атқарушы және педагогикалық мектептерді, баршаға ортақ буындар жүйесін қалыптастыру; оқытудың жаңа прогрессивтік әдістерін әзірлеу және енгізу; ғылыми-зерттеу және ғылыми әдістемелер жұмыс; музыкалық мәдениет, педагогика проблемаларының іргелі әзірлеушілерін жүзеге асыру; музыкалық тану әдебиетін

басып шығару; Қазақстан аумағында тұратын халықтардың музыкалық мәдениетімен байланысты халықтық-дәстүрлік жанрлар мамандықтарын дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Мәдениет пен өнер саласында үзіліссіз оқуды қамтамасыз ету | Өнер мен мәдениет саласындағы мамандарды білім берудің мемлекеттік жалпы білім стандарттарына сәйкес даярлау. Негізгі құралдарды сатып алу және Қазақ ұлттық музыка академиясын және Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын күрделі жөндеуден өткізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақ ұлттық музыка академиясы, Т.К. Жүрген ов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

білім алушылардың орташа жылдық контингенті - 2785;

негізгі құралдарды сатып алу:

Қазақ ұлттық музыка академиясының негізгі құралдарды сатып алуы кемінде: концерттік шағын рояль - 10 дана; үш секциялы диван - 3 дана; дыбыс шығару құралы - 1 дана; типография - 1 комплект; дәрі-дәрмектерге арналған шкаф - 1 дана; лазерлі терапия аппараты "Рикта" - 1 дана; дәрігердің чемоданы - 1 дана, ксилофон - 2 дана, маримба - 1 дана, оркестр қорнарлары - 1 дана, вибрафон - 1 дана, үлкен концерттік барабаны - 1 дана, үлкен шеру барабаны - 3 дана, шағын концерттік барабаны - 3 дана, шағын шеру барабаны - 3 дана, оркестр қақпақысы - 2 комплект, тыбыс құрлыма - 3 дана, Там-Там - 1 дана, туба - 14 дана, эйфониум - 4 дана, сузафон - 4 дана, саксафон альт - 9 дана, саксафон тенор - 11 дана, саксафон баритон - 7 дана, саксафон сопрано - 7 дана, электргитара - 1 дана, басгитара - 1 дана, қақпақысы - 1 комплект, комбокөбейткіш бас - 1 дана, комбокөбейткіш гитарасы - 1 дана, бонго - 1 дана, конго -

1 дана, перкуссияға арналған үстел - 1 дана, труба - 4 дана, трамбон тенор - 4 дана, арфа - 4 дана.
Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының негізгі құралдарды сатып алуы кемінде: микшерлік пульт - 1 дана, жарық түсіргіш құралдарын басқару пульті - 1 дана, софитті көтергіштерді басқару пульті - 1 комплект, қадағалау пушкасы - 4 дана, шкаф - 1 комплект, ұсталық әмбебап станогы - 2 дана, театрлық проекциялық құрал - 4 дана, күшті көбейткіш - 1 дана, дыбыс қатайтқыш күшейткіші - 4 дана, фортепиано - 3 дана, тігін машинкелер - 2 дана, вибрафон - 1 дана, капсулды вокалды радиомикрофон - 2 дана, екі жолды акустикалық жүйе - 2 дана, электрлік урмалы бұрғы - 2 дана, дробилка - 1 дана, комбокөбейткіш бас-гитарасы - 2 дана, компрессор ксимбао - 1 дана, конги (музыкалық аппараты) - 1 дана, маримба (музыкалық аппараты) - 1 дана;
- екі мекеменің ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеуден өткізу.
Түпкі нәтиже:
- мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары кәсіптік білімді мамандарға деген 2007 жылғы қажеттіліктен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша өнер және мәдениет саласында жоғары кәсіптік білім алғандар үлесі - 75 пайыз;
- екі жоғары оқу орнының күрделі жөндеу бойынша қажеттілігін республикалық бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз ету дәрежесі - 29 пайыз;
- 2007 жылғы қажеттіліктен республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орындарын жарақтандыру - 67 пайыз.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- бір студентке жұмсалатын орташа ағымдағы шығыстар (күрделі жөндеусіз) - 506,1 мың теңге.
Уақтылылығы:
өнер және мәдениет саласында жоғары кәсіптік білім алған азаматтар саны - 409.
Сапасы:
- білім алушылардың жалпы санынан оқудан шығарылған студенттердің үлесі 9 пайыздан артық емес;
- бітірушілердің жалпы санынан жоғары оқу орындарын үздік бітірген жоғары кәсіптік білімді бітірушілердің үлесі кемінде 10 пайыздан.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
256-ҚОСЫМША

*Ескерту. 256-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.19.* N 1099 *Қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Ұшқыштарды бастапқы даярлауды қамтамасыз ету" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 65463 мың теңге (алпыс бес миллион төрт жүз алпыс үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік авиациялық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру және маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 қарашадағы N 1085 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтық авиация, Қазақстан Республикасының Қарулы күштер және басқа да күш құрылымдарындағы ұшқыштар құрамының дайындық сапасын көтеру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Азаматтық академия авиациясында және басқа да мемлекеттердің авиациялық оқу орындарында ары қарай дайындау үшін Қазақстанның азаматтық авиациясындағы ұшқыштар құрамының және Қазақстан Республикасы әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтының әскерге дейінгі тұлғалардың бастапқы дайындығының сапасын жоғарылату және ұшу дайындығымен байланысты басқа да қызмет, әуе кеңістігінде ұшуды орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Ұшқыштарды бастапқы даярлауды қамтамасыз ету | Алғашқы ұшқыштардың ұшу дайындық процесін өткізу. Алғашқы ұшқыштардың ұшу дайындығы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету. Мемлекеттік авиациялық орталыққа мемлекеттік басқару органы бекіткен тізімге сәйкес негізгі құралдарды сатып алуға күрделі трансферттер аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің шаруашылық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жүргізу құқығындағы " Мемлекеттік авиациялық орталық" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: ұшқыштарды бастапқы даярлау мәселелері жөнінде әдістемелік материалдар әзірлеу; орташа жылдық контингент - 50 курсантты оқыту.
Түпкі нәтиже: Қазақстанның азаматтық авиациясындағы ұшқыштар құрамының және Қазақстан Республикасы әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтында және басқа мемлекеттердің әуе оқу мекемелерінде азаматтық авиация академиясында оқу үшін бастапқы азаматтық ұшқыштық дайындық.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 курсантқа бір айдағы орташа оқу құны (күрделі қаржы шығындарды есептемегенде) 71,4 мың теңге құрайды.
Уақтылығы: ұшу дайындықты өткізу оқу бағдарламасын орындау. Негізгі құралдарды жеткізу планына сәйкес.
Сапасы: Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияның ұшқыштық құрамының сапасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 220 қаулысына
257-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Балаларды оңалту"
деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 263377 мың теңге (екі жүз алпыс үш миллион үш жүз жетпіс жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 11, 13-баптары ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 37-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балалардың денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарынан келген әлсіз және ауру балалар, жетім балаларды, республиканың экологиялық қолайсыз аймақтарынан келген балаларды, аз қамтамасыз етілген және көп балалы от басынан шыққан балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды, дамуында проблемалары бар балаларды тексеру және кеңес беру. Дамуында проблемалары бар балаларға туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін түзету-оңалту көмек көрсету. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың интеллектуалды және психофизиологиялық мүмкіндіктерін дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Балаларды оңалту | Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарынан келген жетім балаларды, республиканың экологиялық қолайсыз аймақтарынан келген балаларды, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру. Дамуында проблемалары бар балаларды табу және іріктеу; диагностикалық тексерулерді, оңалту сабақтарын өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес басты құралдар сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі<br>Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізім бойынша "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы үшін негізгі құралдар алуға күрделі трансферттер аудару. | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының әртүрлі ойыстарынан келген жетім балаларды, экологиялық қолайсыз аймақтардан келген балаларды, аз қамтамасыз етілген және көп балалы от басынан шыққан балаларды, дарынды балаларды оңалту, балалардың саны 5921. Дамуында проблемалары бар балаларды табу және іріктеу; диагностикалық тексерулерді, оңалту сабақтарын өткізу, балалар саны орта есеппен 1418.

"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы, " Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы үшін 45-тен кем емес негізгі құралдар алынады.

Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы үшін 12-ден кем емес негізгі құралдар алынады.

Түпкі нәтиже: балаларды салауатты өмір сүруге және өзінің денсаулығы мен өзгелердің денсаулығына қамқорлықпен қарауға үйрету.

Емдеу профилактикалық және сауықтыру шараларды жетілдіру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жетім балаларды, экологиялық қолайсыз аймақтарынан келген балаларды, аз қамтамасыз етілген және көп балалы от басынан шыққан балаларды, дарынды балаларды сауықтыру, оңалтудың және олардың демалысын ұйымдастырудың құны айына 1 балаға орта есеппен шаққанда (капиталды шығыстарды ескермегенде) 2804 теңгені құрайды; диагностика жасау, тексеру, оңалту сабақтарын өткізудің құны айына 1 балаға орта есеппен шаққанда 3163 теңгені құрайды.

Уақтылығы: келісім шарттарға сәйкес.

Сапасы: балалардың денсаулығын нығайту үшін ерте анықтау, іріктеу және олардың денсаулығын нығайтуға ықпал тигіздіретін оңалту қызметтерін көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
258-ҚОСЫМША

**<u>225 - Қазақстан Республикасы Білім және</u> ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау"

деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 47 177 186 мың теңге (қырық жеті миллиард бір жүз жетпіс жеті миллион бір жүз сексен алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен* *.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 9 , 13, 15, 25, 26, 30, 36, 40, 43, 44, 46-баптары ; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісімді бекіту туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі N 460-II Қазақстан Республикасының Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы ; "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1134 қаулысы; "Мемлекеттік білім гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы ; "Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 қаулысымен бекітілген ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгілік Ереже; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; " Мемлекеттік атаулы стипендиялар тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 125 қаулысы ; "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 301 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 511 қаулысы ; "Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік

оқу орындарынан мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 449 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканың барлық салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді жоғары білікті мамандармен және Қазақстан Республикасының Қарулы күші үшін запастағы офицерлермен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік, экономикалық, зияткерлік және мәдени дамуын жақсарту мүмкіндігін қарастыру; мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандарды сапалы даярлау және; запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттерін әскери даярлау; жоғары кәсіптік білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту; жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін еңбекпен қамтылған жоғары кәсіптік білімі бар азаматтардың пайызын көбейту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік білім беру гранты бойынша мамандар даярлау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайын бекітілетін қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде азаматтардың ақысыз жоғары кәсіптік білім алуына қол жеткізуін қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жоғары кәсіптік білім бағдарламалары бойынша студенттерді, магистрлерді, даярлық бөлімінің тыңдаушыларын даярлау. Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқу процесін өткізу жолымен білім сапасын арттыру. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі азаматтарды және Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының студенттерін білім алу кезеңінде әлеуметтік қолдау. Профессорлық-оқытушылық құрамның және басқарушы қызметкерлерінің белгіленген лауазымды жалақыларына жоғарылатылатын 1,75 коэффициентті төлеуге байланысты шығыстарды қаржыландыру арқылы ұлттық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлердің дамуы үшін неғұрлым жақсы жағдайлар мен қызығушылықты қамтамасыз ету :<br>Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет; | | |
| | | | | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет;<br>Қазақ ұлттық аграрлық университет;<br>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет;<br>Әл-Фараби атындағы ұлттық университет. | 2 тоқсан | |
| | | | | Азаматтық авиация академиясы студенттерінің жаттығу және жазғы практикасында практикалық қабілетке ие болуға көмек көрсету. | 3 - 4 тоқсан | |
| | | | | Оқу процесінің деңгейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы үшін қамтамасыз ету | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | есебінен мына пәндер бойынша қажетті оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету: шет тілі, филология, экономика, бағдарламалау және математика, экология және табиғатты қолдану. | | |
| 3 | | 101 | Жоғары оқу орындарының студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу туралы ережесіне және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған стипендияларды белгілеу ережесіне сәйкес студенттерді, магистрлерді, даярлық бөлімінің тыңдаушыларын стипендиялармен қамтамасыз ету арқылы студенттерді жоғары кәсіптік білім алу кезеңінде әлеуметтік қолдау. | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 4 | | 102 | Ғылыми және ғылыми-педагогикадық кадрлар даярлау | Күндізгі және сырттай оқу нысанындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарды, өндірістен қол үзбей оқитын аспиранттарды, докторанттарды, Phd докторларын, аға ғылыми қызметкерлерді) даярлау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | | 103 | Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету | Өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарды және докторанттарды білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындаудың және төлеудің Ережесіне және Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған атаулы стипендиялар Ережесіне сәйкес мемлекеттік стипендиялар төлеу арқылы әлеуметтік қолдау. | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 6 | | 104 | Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында мамандар даярлау | Музыка өнері саласындағы мамандарды даярлау. Жоғары оқу орындарының негізгі құралдар мен бейматериалдық активтерді сатып алуы арқылы білім беру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Құрманғазы атындағы Қазақ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сапасын арттыру мақсатында оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдайлар жасау. | | ұлттық консерваториясы |
| 7 | | 105 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер даярлау | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша мынадай жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында мобилизациялық резерв үшін запастағы офицерлерді даярлау:<br>Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті ;<br>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;<br>Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті;<br>Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті;<br>Қазақ ұлттық аграрлық университеті;<br>Қазақ гуманитарлық-заң университеті;<br>Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті;<br>М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті;<br>Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті;<br>Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;<br>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;<br>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті;<br>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;<br>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;<br>С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті;<br>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;<br>М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық академиясы. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Білім және ғылым министрлігі |
| 8 | | 106 | "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау | Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыруды, үйлестіруді және оның іске асырылуын жүзеге асыру.<br>Шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге шетелде стипендиаттарды оқытуға ақы төлеуге күрделі трансферттер аудару.<br>Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру туралы ақпараттандыру; Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлердің құжаттарын іріктеу рәсімдерін жүргізу;<br>Жеке әңгімелесумен қоса, "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлердің әрқайсысын психологиялық және тілдік тестілеуден тұратын Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының бірінші турын ұйымдастыру және өткізу; Қазақстанның конкурсты іріктеуден өткен неғұрлым талантты жастарының мынадай дәрежелерге ие болуына бағытталған жұмыстар жүргізу:<br>- шетелдегі жоғары оқу орындарында (PhD) ғылымының бакалавры, магистрі және докторы;<br>Стипендиаттардың келісім-шарттағы өз міндеттемелерін, соның ішінде ақылы білім алу бойынша | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Халықаралық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | стипендиаттардың барлық шығыстарын төлеу үшін негіз болып табылатын стипендиаттардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде кепілдік шарты және шетелдік әріптестермен жасалатын шарттар арқылы орындау мониторингі. | | бағдарламалар орталығы |
| 9 | | 107 | Мемлекеттік жоғары оқу орындарын күрделі жөндеу | Күрделі трансферттер бөлу арқылы оқытудың сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында мемлекеттік жоғары оқу орындарының ғимараттары мен мекемелерінің техникалық жай-күйін жақсарту, соның құрамында:<br>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;<br>Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті;<br>Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;<br>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті;<br>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты;<br>М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті;<br>Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті;<br>Қостанай мемлекеттік педагогика институты;<br>Павлодар мемлекеттік педагогика институты;<br>Тараз мемлекеттік педагогика институты;<br>Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институты;<br>Ақтөбе мемлекеттік педагогика институты;<br>Семей мемлекеттік педагогика институты;<br>Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университеті;<br>М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Рудный индустриалдық институты; Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті; Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. | | Білім және ғылым министрлігі |
| 10 | | 111 | Жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау үшін Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін шетелдік мамандарды ( оқытушыларды шетел профессорларды) тарту | Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия оқу орнынан кейінгі кәсіптік ұлттық университетіне, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік мамандар даярлау үшін шетел консультанттарын тартуға трансферттер аудару арқылы білім беру сапасын арттыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 11 | | 113 | Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу | Қысқы және жазғы каникул кезінде мемлекеттік білімдік тапсырыс бойынша оқитындардың жол ақысының ақшалай өтеу үшін жоғары оқу орындарына трансферттер аудару. | 1 - 2 тоқсан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 12 | | 114 | "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университетінде мамандар даярлау | Қазақстан тарапы тағайындаған қызметкерлерге еңбек ақы және "Нұр-Мүбарак" Египет ислам мәдениеті университетінің ғимаратын ұстауға шығыстар төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1) Мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқу нысанының орташа жылдық контингентін оқыту 103714 адамға дейін, оның ішінде Қазақстан Республикасында білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі магистранттар - 4 309 адамға дейін;
2) Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша студенттер мен тыңдаушыларды қабылдау - 28 590 адамға дейін, магистранттар - 2520 адамға дейін, Phd докторларды - 100 адам;
3) М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы үшін сатып алынған оқулықтардың саны - 800 бірліктен кем емес;
4) Жоғары кәсіптік білім алатын азаматтар санынан, барлық санаттағы стипендиаттардың орташа жылдық контингенті - 83 136;
5) Мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламалары бойынша білім алушылардың орташа жылдық саны - 3 004 адамға дейін;
6) Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алатын күндізгі оқу нысаны стипендиаттарының орташа жылдық саны - 2 331 адамға дейін;
7) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына орташа жылдық контингенті 585 оқушыға дейін даярлау, оның ішінде қабылдау 180 адам;
8) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына 85 бірліктен азымес негізгі құралдар сатып алу;
9) Азаматтық авиация академиясының жаттығу және жазғы практикадан өтетін студенттерінің орташа жылдық саны - 28 адамға дейін;
10) Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша білім алушылардың орташа жылдық саны - 7070, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің наряды бойынша қабылдау - 3000 адам;
11) Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттары саны - 3000 адамға дейін;
12) Ұлттық жоғары оқу орындарына тартылғандар саны - 40 ставка;
13) Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысанында білім алушылардан жол жүру өтемақысын алатындар саны - 104 045 адамға дейін.
Түпкі нәтиже:
1) Орталық және жергілікті атқарушы органдардың өтініші бойынша берілген мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде жоғары кәсіптік білімді мамандар 2006 жылғы қажеттілігінен мемлекеттік білім тапсырысы бойынша жоғары кәсіптік білім алғандар үлесі - 50%;
2) Жоғары оқу орнын бітіргендер санынан еңбекпен қамтылған жоғары кәсіптік білімді мамандар пайызы - 60% дейін;
3) жобалық-сметалық құжаттама ұсынған жоғары оқу орындарының ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу қажеттілігін республикалық бюджет қаражаты есебінен

қамтамасыз ету дәрежесі - 20% дейін;
4) Ағымдағы жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандарды даярлау үшін шетелдік консультанттарды тартудағы қажеттілікті қанағаттандыру дәрежесі - 50%.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
1) Бір студентті және магистрантты оқытудың орташа құны мәртебелісіз жоғары оқу орындарында - 184,9 мың теңге, ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарында 2007 жылғы 1 қыркүйектен бастап - 250,0 мың теңге;
Қазақстан Республикасында білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде магистрантты оқытудың орташа құны - 381,0 мың теңге;
аспирантты оқытудың орташа құны - 114,2 мың теңге;
PhD докторын оқытудың орташа құны - 1270,0 мың теңге;
2) Стипендия орташа мөлшері:
студенттер мен магистранттар стипендиясының әдеттегі мөлшері - 6961 теңге;
Даярлық бөлімнің тыңдаушыларына - 5469 теңге;
Қазақ әйелдер педагогикалық институтының күндізгі бөлім студенттеріне - 3217 теңге;
өндірістен қол үзе отырып, оқитын аспиранттарға - 23000 теңге;
Докторанттар стипендиясының ең аз мөлшері - 29359 мың теңге;
3) Жетім балалар құрамындағы студенттер үшін тамақтану шығысының нормалары 310 теңгеден кем емес, ата-анасының қамқорлығынсыз (қорғанышсыз) қалған балалар құрамындағы студенттер үшін - 124 теңгеден кем емес;
4) Жаттығу және жазғы практика өтетін Азаматтық авиация академиясының бір студентіне жұмсалатын орташа шығыстар - 3336 мың теңгеден кем емес;
5) М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті үшін бір оқулық сатып алуға жұмсалатын орташа шығыстар - 1,0 мың теңгеден кем емес;
6) Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы бір офицерді даярлауға орташа шығыстар - 80 мың теңгеден кем емес.
Уақтылығы:
Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша жоғары кәсіптік білім алған Қазақстан Республикасы азаматтарының саны 10 000 халыққа - 18 адам.
Сапасы:
1) Бірыңғай ұлттық тестілеу бойынша мемлекеттік білім тапсырысы бойынша 1 курсқа қабылданғандардың орташа баллы - 60 кем емес, кешенді тестілеу бойынша мемлекеттік білім тапсырысы бойынша 1 курсқа қабылданғандардың орташа баллы - 50 кем емес;
2) Жаңадан қабылданғандарды стипендиямен қамтамасыз ету пайызы - 100 %, оқуын жалғастырушылар - 75 пайыздан кем емес;
3) Білім алушылардың жалпы санынан, оқудан шығарылғандардың үлесі - 2%;
4) Оқу бітіргендердің жалпы санынан, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша

жоғары оқу орнын үздік бітірген жоғары кәсіптік білімді түлектердің үлесі - 10%-дан кем емес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
259-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім беру жүйесін ақпараттандыру"
деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 4000 мың теңге (төрт миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңы 101-бабының 3-тармағы; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1459 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы және патронат туралы ережелерді және Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ақпараттандыру коммуникациялық технологияларды білім процесіне енгізу арқылы білім процесінің сапасы көтерілуі және білім жағдайын мониторлау және талдау арқылы жасалған растық деректердің негізінде сапалық басқармалық шешімдерді қабылдау.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : "Қамқоршылық" бірыңғай ақпараттық жүйесінің техникалық құжатын әзірлеу.
Мектепалды және мектептік коррекциялық білім беру ұйымдарына арналған бағдарламалық комплексінің техникалық құжатын әзірлеу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Білім беру жүйесін ақпараттандыру | "Қамқоршылық" бірыңғай ақпараттық жүйесінің техникалық құжатын әзірлеу. Мектеп алды және мектептік коррекциялық білім беру ұйымдарына арналған бағдарламалық комплексінің техникалық құжатын әзірлеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: " Қамқоршылық" бірыңғай ақпараттық жүйесін және мектепалды және мектептік коррекциялық білім беру ұйымдарына арналған бағдарламалық комплексінің техникалық құжаттары әзірленеді.
Түпкі нәтиже: бірыңғай ақпараттық жүйесін және білімді дамытуын ғылыми-методикалық қамтамасыз етуін құру және білім беру процесінің басқаруын көтерген сайын сапасының жетістікке жеткізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір техникалық құжатты әзірлеуіне орта есеппен алғанда 2 000 мың теңге құрайды.
Уақтылығы: жасалған жұмыс және шарт жасасу графигі бойынша.
Сапасы: ақпараттандыру коммуникациялық технологияларды білім процесіне енгізу арқылы білім процесін сапасы көтерілуі және білім жағдайын мониторлау және талдау арқылы жасалған растық деректердің негізінде сапалық басқармалық шешімдерді қабылдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына

259-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 259-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған 022»"Білім беру саласына мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 21 800 мың теңге (жиырма бір миллион сегіз жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:»** "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8-бабы, " Қазақстанның»2030 жылғы дейінгі Даму стратегиясын одан әрі жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджет қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** білім берудің жаңа деңгейіне кезең-кезеңмен көшуге жағдай жасау, білім сапасын арттыру, білім беруді ақпараттандыруды дамыту, оқушылар мен мұғалімдер арасында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : білім беру жүйесінің бірыңғай білім беретін ақпараттық орта құру; Қазақстан Республикасының білім беру сапасын әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсатында арттыру; білім беру жүйесіне интерактивтік оқыту жүйесін енгізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар - лама коды | Кіші бағдар- лама- лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 022 | | Білім беру саласына жаңа технология-лардың мемлекеттік жүйесін енгізу | | жыл бойы | Қазақстан Республи- касы Білім және ғылым министр- лігі |
| | | 100 | Мемлекеттік жалпы орта білім беру жүйесіне интерактив-тік оқыту жүйесін енгізу | Байланыс арқылы бейнеконференция өткізу үшін VPN желісін құру бойынша қызметтерді сатып алу. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері туралы және Астана қаласының салынуы жөнінде видеоролик жасау жөніндегі, сондай-ақ республиканың мектептері үшін теледидар арқылы ашық интерактивті сабақты тікелей трансляциялау жөніндегі қызметтерді сатып алу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тікелей нәтиже: 2007 жылғы 1 қыркүйекте республика мектептерінде интерактивті сабақ өткізіледі.

Түпкілікті нәтиже: жас ұрпақтың патриотизмін қалыптастыру, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту. Интерактивтік сабақтарды өткізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: интерактивтік ашық сабақты өткізу бойынша шығындар 21800 мың теңге.

Уақтылығы: 2007 жылғы 1 қыркүйекке дейін іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

Сапасы: жалпы орта білім беру ұйымдарының жаһандық ақпарат ресурстарына жоғары қарқынмен қол жетімділіктерін қамтамасыз ету. Қашықтықтан оқытуды дамыту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
260-ҚОСЫМША

*Ескерту. 260-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *Қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау"
деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 117194 мың теңге (бір жүз он жеті миллион бір жүз тоқсан төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8 , 21, 27, 41-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : білім саласында қызмет сапасын жақсарту. Мамандардың отандық және шетелдік озық тәжірибеде тиісті ғылым мен техника салаларындағы жаңа жетістіктер туралы білім алуға деген талабын қанағаттандыру; бұрын алған кәсіптік білімді тереңдету немесе жаңа кәсіптік білім алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : лауазымдық міндеттерін тиімді орындап, кәсіптік шеберліктерін жетілдіру үшін қойылған біліктілік талаптарына сәйкес өздерінің кәсіптік қызметі саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жаңартып отыру. Білім беру, спорт және дене шынықтыру мамандарының кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету, консультативтік-әдістемелік көмек көрсету. Аймақтық білім беру жүйелері мен оқу орындарын басқарудың сапасын арттыру, мектеп мұғалімдерінің компьютерлік сауатын қамтамасыз ету, мектепті 12 жылдық оқуға көшіру үшін кадрлар даярлау, білім ұйымдарында мұғалімдер мен оқытушылардың жұмысқа кәсіптік және психологиялық дайындық сапасын арттыру. Ұйымдардың, білім басқармаларының басшыларының, білім берудің барлық деңгейдегі педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру. "Өзін өзі тану" пәні бойынша оқытушыларды қайта даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес әртүрлі бағыттағы жаңа буынды педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау; Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес дене тәрбиесі, ақпараттандыру және 12 жылдық оқу саласында педагог кадрлардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау; Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес "Өзін өзі тану" пәнін өткізуге мұғалімдер мен тәрбиешілерді қайта даярлау. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес әртүрлі | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағыттағы психология-медицина педагогика кеңестерінің мамандары үшін біліктілік арттыру курстарын өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес басты құралдар сатып алу. | | Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1. кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуші тыңдаушылардың орташа саны - 6900.
2. түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығына басты құралдар алу - 6 бірліктен кем емес.
Түпкі нәтиже: білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының іске асыру бойынша 2007 жылғы шараларды педагог кадрлармен қамтамасыз ету. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауда сұранымды қамтамасыз ету үлесі - 30 пайыз.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір орындаушыны оқытудың құны - 16868 теңге. Уақтылығы: жұмыс жүргізу кестеге сәйкес.
Сапасы: Білім саласына сапалы жағдай жасау үшін мамандардың кәсіптік білімі мен іскерлігін қолдану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
261-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Сейсмологиялық ақпарат мониторингі" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 221 944 мың теңге (екі жүз жиырма бір миллион тоғыз жүз қырық төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен* .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 1 , 5 , 14, 15-баптары ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңының 1 , 7 , 8 , 17, 25-баптары ; "Республиканың сейсмикалық қауіпті

аймақтарында қиратқыш жерсілкіністерінің залалын төмендету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттық лимиттері сандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жер қыртысының алдағы қозғалысы туралы уақытылы болжау және ақпараттандыру арқылы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының сейсмологиялық қауіпті аудандарында жерсілкіністерін болжау мақсатында кешенді зерттеулер ұйымдастыру және өткізу, материалдық-техникалық базаны нығайту және сапалы ғылыми қызмет үшін сейсмикалық стансаларды қайта жарақтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бақылаудағы аумақ пен іргелес аудандардағы жерсілкіністері туралы деректерді тіркеу және өңдеу; далалық аспаптармен бақылау жүргізу және стационарлық станциялар желісінде сапалы әрі үздіксіз сейсмикалық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, гидрогеодинамикалық, деформографиялық, ойысөлшеу, сейсмобиологиялық ақпарат алу, алған ақпаратты алғашқы өңдеуден өткізу; зерттелетін аумақты сейсмикалық бақылау тәртібі бойынша тақырыптық жұмыстар жүргізу; Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық мониторингті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының аумағында қатты жерсілкіністердің эпицентрлік аймақтарында уақытша сейсмикалық және геофизикалық станциялардың және өзге де бақылау түрлерінің жұмысын жандандыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы директивалық органдарының өкімі бойынша жұмыстар орындау; бақылаудағы аумақ бойынша барлық байқалған және күшті жерсілкіністер туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын мерзімінде хабарландырып отыру; Білім және ғылым министрлігі жанындағы жерсілкіністерін болжау жөніндегі ведомствоаралық Комиссияға мезгілінде материалдар беріп отыру; жерсілкіністерінің оперативтік каталогтарымен бюллетендерін жасау, сейсмологиялық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, деформографиялық және басқа да ақпараттар мұрағатын құрастыру; аспаптық бақылау деректерін тіркеу, жөнелту және өңдеу үрдістерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізу; жерсілкіністер болжамдары бойынша бақылау жүргізу және материалдарды өңдеу үшін жаңа әдістер мен техникалық құралдарды енгізу. Бақылауларды, тапсыруларды және деректерді өңдеуді автоматтандыру үшін сейсмикалық стансалардағы аппаратураны жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | | Кіші бағдарлама | Бағдарламаның (кіші | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | Бағдарлама коды | коды | бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Сейсмологиялық ақпарат мониторингі | Бақылаудағы аумақ пен қосымша аудандардағы жерсілкіністер туралы деректерді тіркеу және өңдеу.<br>Дала құралдық бақылауларын жүргізу және стационарлық станциялар желісінде сапалы және үздіксіз ақпараттар алу, алынатын ақпаратқа бастапқы өңдеу жұмыстарын жүргізу, Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық мониторингті жүзеге асыру.<br>Негізгі құралдарды сатып алу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, "Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция" мемлекеттік мекеме |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: сейсмологиялық станцияның базасын материалдық-техникалық нығайту мақсатында негізгі құралдар сатып алу, олардың саны кемінде: Цифрлық сейсмикалық аппаратура - 2 дана; дебит өлшегіші - 1 дана; спектрліфотометр - 2 дана; газды хроматограф - 2 дана; автоматты титралау блогы - 8 дана; алау фотометрі - 2 дана; иономер - 2 дана; электромагнитті импульстарды тіркеуші - 2 дана; геофизикалық тіркеуші - 3 дана; дербес компьютер - 10 дана; УАЗ автомашинасы - 2 дана; спутниктік байланыс жер станциясының аппаратурасы - 3 дана; тұрақты токтың реттелуші көзі - 13 дана; перманенттік станция - 1 дана; электронды тахеометр - 1 дана; бензоэлектрондық агрегат - 5 дана.
Қазақстан Республикасының аумағындағы жерсілкіністер каталогы; алғашқы бақылау материалдарының (сейсмограммалардың, цифрлық сейсмограммалардың, деформограммалардың, күшті қозғалыстар жазбасының, геофизикалық, гидрогеогиялық, сейсмобиологиялық бақылаулар және жер қабығы қозғалыстарын қазіргі бақылау бойынша алғашқы материалдары) мұрағаттары; бақылау түрлері бойынша деректердің базалары; сейсмикалық ("Сейсмо", "Бадис", "Уақытша қатарлар", "Карточка", "Кармех"); геофизикалық ("Магнитка", "Теллурика"), гидрогеологиялық (" Беохим"), қазіргі қозғалыстар ("Қабық"); өлшеу параметрлері негізінде жерсілкіністердің күн сайынғы оперативті болжамдары (барлығы 365 болжам); Сейсмологиялық стансалардың беретін өңделген ақпараттарының сапалығы мен

автоматты оперативтік үрдерісінің сенімділік арттыру үшін 35-і стационарлық сейсмологиялық станциялар болып табылатын 60 қадағалау пунктіндегі құрылғыларды жаңарту.

Түпкі нәтиже: сейсмикалықты, жер асты термоминералды сулардың газдыхимиялық және динамикалық режимдеріне, геофизикалық жүйелердің вариацияларына, жердің беткі қабатының қазіргі заманғы қозғалысына, жануарлардың жүріс-тұрысына режимдер бақылаулар жүргізу. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс сейсмобелсенді аудандарында қатты жерсілкіністерін болжау мақсатында ақпаратты тіркеу, жинау, тапсыру, өңдеу және сақтау процестерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізу;

жерсілкінісін болжау бойынша уақытылы ақпарат ұсыну;

қадағалау пункттеріндегі сұранысты қанағаттандыру үлесі - 90 пайыз.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 қадағалау пунктін ұстауға арналған орташа шығыстар - 3 699,1 мың теңге;

1 қадағалау пунктін жабдықтауға арналған орташа шығыстар - 1423,0 мың теңге.

Уақтылығы: жұмыстарды өткізу кестесіне сәйкес.

Сапасы: болжаудың нақтылы жер қыртысы қозғалыстарымен сәйкес келуі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
262-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау"
деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 589383 мың теңге (бес жүз сексен тоғыз миллион үш жүз сексен үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 6-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің ұйымдарын басқаруды жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы N 256 қаулысы ; "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттық лимиттері сандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2006 жылғы 28 қазандағы N 1025 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : білім берудегі жалпы әлеуметтік үрдістерді ескере отырып, білім беру жүйесін әдістемелік жетілдіруді қамтамасыз ету білім беруді басқару жүйесін жетілдіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары мен оқу-бағдарламалық құжаттамалар тәртібін сақтауды әзірлеу және талдау, сапа менеджменті саласында дене тәрбиесі мен спорт жөнінде бағдарламалар әзірлеу, ЖОО-да оқытатын қазақ тілінде электронды мультимедиялық бағдарламаларды әзірлеу, 12 жылдық оқу бойынша стандарттар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу және аудару. Республикалық ұйымдарында 12 жылдық оқу мерзімі енгізілген мектептердің бастапқы сатысы үлгісін сынау бойынша эксперименттік жұмыстар бағдарламаларын іске асыру. Білім беру ұйымдарының беретін оқу құралдарының сапасы мен қабылдау деңгейін өлшеу, білім беру ұйымдарында оқу материалдарын оқытылу сапасын анықтау, оқушы контингенттерін құру механизмін жетілдіру. Институционалды және мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу; институционалды және мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу үшін стандарттар, өлшемдер мен баспа ресімдерін әзірлеу; сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілерге қатысу; білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау жөніндегі Лиссабон конвенциясын іске асыруға байланысты нормативтік құжаттарды әзірлеу және іс-шараларға қатысу, біліктілікті растау және беру жұмысшы кадрлар және техникалық мамандар мен қызмет көрсету еңбегінің кәсіптік дайындығына тәуелсіз бағалауды өткізу.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.19.* N 1099

*Қаулысымен.*

## 6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау | Жас балаларға алғашқы түзету педагогикалық көмек көрсету бойынша әдістемелік қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес басты құралдар сатып алу. Білім деңгейлері бойынша стандарттар әзірлеу; жоғары кәсіптік білім бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу; жоғары кәсіптік білім бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қазақ тілінде әзірлеу; 12 жылды оқу бағдарламаларын жетілдіру және сараптамадан өткізу; спорт пен дене тәрбиесі, ақпараттандыру, қосымша білім беру саласында, сапа менеджменті саласында оқу-әдістемелік құралдарды, бағдарламаларды және ұсынымдарды әзірлеу; 12 жылдық оқуға көшуді әдістемелік қамтамасыз ету; ЖОО-да оқытатын қазақ тілінде электронды мультимедиялық бағдарламаларды әзірлеу; жоғары оқу орындарында рейтинг өткізу; "ЖОО-ның ең жақсы оқытушысы" грантты беру бойынша конкурсты құжаттамаларды сараптамадан өткізу бойынша жұмыстар; мектепке дейінгі білім беру әдістемелік негізін жасау; | Қаңтар-желтоқсан | Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы<br><br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттерін жасау және басып шығаруды әдістемелік қамтамасыз ету; білім жүйесінің жағдайына мониторинг жасау. TIMSS-2007 халықаралық бағдарламасы бойынша білім сапасына зерттеу жүргізу, 2006 жылға бір ұлттық тестілеу, аралық мемлекеттік бақылау және кешенді тестілеудің нәтижесін талдау; дистанциялық үлгі мониторингін әзірлеу және енгізу; аймақтарда және Қазақстан Республикасының оқу орындарда білім беру сапасын бағалау жүйесін құру; білім статистикасына жаңа көрсеткіштерді және индикаторларды әзірлеу және енгізу; 2007 жылға Қазақстан Республикасындағы білім берудің жағдайы туралы ұлттық баяндаманы жасау, сарапшыларды оқыту арқылы халықаралық модель бойынша институционалды және мамандандырылған аккредиттеуді құру және енгізу бойынша міндеттерді іске асыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу; семинарлар өткізу; стандарттар мен өлшемдер, әдістемелік құралдар әзірлеу; сапаны зерттеу рәсімдерін жүргізу; білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау жөніндегі орталықтарды қолдау; web-сайтты толтыру жолымен аккредиттеу рәсімін ақпараттық қолдау және кәсіптік білім бағдарламаларын аккредиттеу. Жұмысшы кадрлар мен | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызмет көрсету еңбегінің техникалық мамандарының біліктілігін растау және беру кәсіптік дайындығына тәуелсіз бағалау өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бұйрығына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік оқулықтарды, жинақтарды және басқа да баспа өнімін әзірлеу, шығару, іс-шараларды өткізу. Республикалық қосымша білім оқу-әдістемелік орталығына, Республикалық»"Оқулық" ғылыми-практикалық орталығына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрімен бекітілген бұйрыққа сәйкес негіз құралдарды сатып алуға күрделі трансферттер аудару. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *, 2007.11.19.* N 1099 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

1. "Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесінің балаларға ерте жастан алғашқы түзету педагогикалық көмек көрсетуі бойынша әдістемелік құралдарды дайындау - 2;

2. білім беру деңгейлері бойынша: бастауыш, орта жоғары кәсіптік стандарттарын әзірлеу және жетілдіру - 117 атау;

3. мүмкіншіліктері шектелген балаларға арналған стандарттарды және оқу бағдарламаларды әзірлеу - 18 атау;

4. жоғары кәсіптік білім бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу - 20 атау, жоғары кәсіптік білім бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қазақ тілінде - 10

атау;
5. *(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)*
6. 12 жылдық оқу бағдарламаларын жетілдіру және сараптамадан өткізу - 116 бағдарламалар;
6-1. Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында әдістемелік оқулықтар, жинақтар және басқа да баспа өнімін әзірлеу және шығару;
6-2. *(алынып тасталды - 2007.11.06. N 1052)*
7. спорт пен дене тәрбиесі, ақпараттандыру, қосымша білім беру саласы бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, бағдарламаларды және ұсынымдарды әзірлеу - 120 атау;
7-1. "Сапа философиясының негіздері" атты элективті мектеп курсының оқу бағдарламасын және оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;
8. 12 жылдық оқуға көшуді әдістемелік қамтамасыз ету - 27 атау;
9. *(алынып тасталды - 2007.11.06. N 1052)*
10. ЖОО-да оқытатын қазақ тілінде электронды мультимедиялық бағдарламаларды әзірлеу - 7 бағдарламалар;
11. жоғары оқу орындарында рейтинг өткізу - 176 жоғары оқу орындарға дейін;
12. "ЖОО-ның ең жақсы оқытушысы" атты грант тағайындау бойынша конкурстық құжаттамаларды сараптамадан өткізу жөніндегі жұмыстар - 1000 құжаттық пакеттерге дейін;
13. мектепке дейінгі білімнің әдістемелік негізін жасау - 19 атау;
14. оқу құралдары мен оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару процесс бойынша әдістемелік оқу құралдарын әзірлеу - 24 атау;
соның ішінде: Ақмола облысында - 20, Ақтөбе облысында - 20, Алматы облысында - 75 , Атырау облысында- 15, Шығыс Қазақстан облысында - 55, Жамбыл облысында - 50, Батыс Қазақстан облысында - 15, Қарағанды облысында - 75, Қостанай облысында - 30, Қызылорда облысында - 25, Маңғыстау облысында - 20, Павлодар облысында - 20, Солтүстік Қазақстан облысында - 15, Оңтүстік Қазақстан облысында - 130, Астана қаласында - 20, Алматы қаласында - 20;
- 200 000 кем емес адам оқытылады;
- ақпараттандыру технологиялар бойынша айлықтар өткізіледі.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасында тұрғындардың компьютерлік білім алу көрсеткіштерін жоғары деңгейге жеткізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір классты құруына орта есеппен алғанда 1 382 мың теңге жоспарлануда, бір тыңдаушыға 3 900 теңге құрайды.
Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздігін азайту және компьютерлік білім тұрғындардың санын алған 20 пайызға дейін ұлғайту.
Уақтылығы: іс-шаралардың орындалуы бекітілген мерзімдерге сай келісіммен жүзеге асырылады.
Сапасы: Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздіктің азаюына септігін тигізетін компьютерлік кластарға келушілерге Интернет ақы ұсыну және үйрету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
282-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 282-1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
046»"Мемлекеттік білім беру жүйесінің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12 467 398 мың теңге (он екі миллиард төрт жүз алпыс жеті миллион үш жүз тоқсан сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы; " Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы; "2007-2010 жылдарға арналған»Мемлекеттік - жеке серіктестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 наурыздағы N 67-ө өкімі.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халыққа сапалы білім беру қызметтеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : типтік жалпы білім беру мектептердің жаңа инфрақұрылымын жасақтау, оқушыларға нормативтік талаптарға сәйкес жағдайлар жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 046 | | Мемлекеттік білім беру жүйесінің әлеуметтік инфрақұрылы- мын дамыту | | | |
| | | 100 | Жалпы орта білім берудің әлеуметтік инфрақұрылы-мын дамыту | Оңтүстік Қазақстан облысының, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 44 мектеп салу үшін "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-эконо-микалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (екінші кезең) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес аванстық | шілде-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Білім және ғылым министр- лігі, Оңтүстік Қазақстаноблысы, Астана және Алматы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ақы төлеуге нысаналы даму трансферттерін беру | | қалалары-ның әкімдері |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.31.* N 1017 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

тікелей нәтиже:

- жобалық қуаты 38 440 оқушы орны бар 44 объектіде, құрылыстық-монтаждық жұмыстарды атқару.

Түпкілікті нәтиже: халыққа жалпы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін 44 білім беру объектілерінің құрылысын бастау, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды толығымен қамту үшін әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау.

Уақтылығы: Жұмыс жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.

Республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.31.* N 1017 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
283-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
""Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" деген 047 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 283-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
284-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Техникалық және қызмет көрсету мамандарын даярлау және қайта даярлау"

деген 049 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 37415 мың теңге (отыз жеті миллион төрт жүз он бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 13, 33, 37-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдірудің Тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 594 қаулысы ; "Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысы ; Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жеке тұлғаның таңдаған мамандығында орта кәсіптік білім және біліктілік алу жолымен интеллектуалдық, мәдени және рухани даму қажеттілігін қанағаттандыру, техникалық және қызмет көрсететін еңбек мамандарымен қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кәсіптік орталықтарында елімізге аса маңызды мәні бар мамандарды даярлау және қайта даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 047 | | Техникалық және қызмет көрсету мамандарын даярлау және қайта даярлау | Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу процестерін жүргізу. Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін техникалық және қызмет көрсету мамандарын даярлауға мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес оқушыларды қабылдау.<br>Техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарын даярлау және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | қайта даярлау үшін жағдайды қамтамасыз ету. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: 2007-2008 оқу жылына 250 оқушылар қабылдау.
Түпкі нәтиже: Атырау облысында мұнай газ саласы үшін техникалық және қызмет көрсету еңбек мамандарын даярлау және қайта даярлау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жылына бір оқушыны дайындауға кететін орта шығын (күрделі шығынды қоспағанда) - 149,66 мың теңге.
Уақтылығы: білім жоспарына сәйкес білім бағдарламаларының орындалуы.
Сапасы: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлаудың жоғары деңгейі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
285-ҚОСЫМША

*Ескерту. 285-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.29. N* 438 *, 2007.07.13.* N 597 *қаулыларымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Сенім артқан агенттер қызметіне ақы төлеу"
деген 050 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 65 082 мың теңге (алпыс бес миллион сексен екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қызмет көрсетулерді қамтамасыз ету және сенімді тұлғаларға (агенттерге) бюджеттік кредиттердің тиімділігін арттыру және қайтарылмай қалу қаупін төмендету мақсатында оларды қайтару.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бюджеттік кредит беруге байланысты тапсырмаларды орындағаны үшін сенімді тұлғаларға (агенттерге) сыйақы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 050 | | Сенім артқан агенттер қызметіне ақы төлеу | Тапсырманы орындағаны үшін сенім білдірілген өкілге (агентке) сыйақы төлеу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: сенімді тұлғаға (агентке) мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару және қызмет көрсету жөнінде жұмысты жүргізгені үшін сыйақылар төлеу.
Түпкі нәтиже: қарыз алушылардың алған бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша міндеттерін орындаудың толықтығы мен уақытылығы.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: сенімді тұлғалар (агенттер) қызмет көрсететін кредиттерді толық қайтару.
Уақтылығы: сенімді тұлғалар (агенттер) алдындағы міндеттемелердің орындалу уақтылығы.
Сапасы: агенттік келісім талаптарына сәйкес есептер мен ақпаратты тапсырудың нақтылығы, уақыттылығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
286-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Алматы қаласы бюджетіне 2007 жылы "А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған қазақ орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты" мемлекеттік білім мекемесінің жұмыс істеуіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 051 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 163366 мың теңге (бір жүз алпыс үш миллион үш жүз алпыс алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы"

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 24, 36, 37-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі ; "Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 1168 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бүгінгі өркениеттің түбегейлі жаңару жағдайында ойлау мен іс-әрекетке қабілетті, жан-жақты дамыған, үйлесімді адамды тәрбиелеу, дарынды балаларды әлеуметтік, құқықтық және парасаттық жағынан қорғау , парасаттық мүмкіндікті қалыптастыруға ықпал жасау, республиканың интеллектуалдық потенциалын қалыптастыруға халықты қанағаттандыру үшін оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруге себеп жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : дарынды балаларды оқыту. Оқушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламалар бойынша бейімдік пәндер арқылы тереңдете даярлау. Адамның жеке бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Дарынды балаларды табуға қажетті жағдайлар жасау. Оқушыларды олимпиадаларға жоғары оқу орындарына түсуге іріктеу және даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 051 | | Алматы қаласы бюджетіне 2007 жылы "А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған қазақ орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты" мемлекеттік білім мекемесінің жұмыс | 2007 жылға Алматы қаласының бюджетіне жұмыс істеуге арналған мемлекеттік білім беру мекемесі " А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған қазақ орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты" республикалық бюджеттен берілген ағымдағы нысаналы трансферттерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | істеуіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Оқу процесін сапалы өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау мемлекеттік жалпыміндеттік білім беру стандарттарына сәйкес. | | Алматы қаласының әкімі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: музыка мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқытудың оқушылардың орташа саны - 450.
Түпкі нәтиже: оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруде халықты қанағаттандыру үшін республиканың интеллектуалдық потенциалын қалыптастыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің бір жылдық құны (күрделі шығындарды қоспағанда) - 282,7 теңгені құрайды.
Уақтылығы: оқу бітіруші оқушылардың іс жүзіндегі саны 25 адамнан кем емес.
Сапасы: Республикалық мемлекеттік мекемелерді "жақсы" және "өте жақсы" бағалармен аяқтаған оқушылардың үлесі 65 пайыздан кем емес.
* республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асырылатын шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
287-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Қостанай облысының облыстық бюджетіне көлік коммуникация саласының техникалық және қызмет көрсету персоналы кадрларын даярлау және қайта даярлау өңіраралық орталығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 052 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 14449 мың теңге (он төрт миллион төрт жүз қырық тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 13, 33, 37-баптары ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі 6-бабы Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың

2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасалу мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өңіраралық кәсіптік орталығын материалдық-техникалық базасын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қостанай облысының бюджетіне өңіраралық кәсіптік орталығын материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р /с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 052 | | Қостанай облысының облыстық бюджетіне көлік коммуникация саласының техникалық және қызмет көрсету персоналы кадрларын даярлау және қайта даярлау өңіраралық орталығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансф ерттер | Республикалық бюджеттен Қостанай облысының бюджеттеріне материалдық-техникалық базасын нығайтуға техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын дайындау және қайта даярлау көлік-коммуникациялық саласы жөніндегі өңіраралық кәсіптік орталығына ағымдағы нысаналы трансферттерді Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес аудару.<br><br>Өңіраралық кәсіптік орталығын материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы мамандардың сапалы дайындығына ие болу үшін қолайлы жағдайлар жасау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі<br><br>Қостанай облысының әкімі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын дайындау және қайта даярлау көлік-коммуникациялық саласы жөніндегі өңіраралық кәсіптік орталығына оқу-зертханасы сатып алынады - 48 атау кем емес.
Түпкі нәтиже: техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын дайындау және қайта даярлау көлік-коммуникациялық саласы жөніндегі өңіраралық кәсіптік

орталығының процесіне оқу-зертханасы енгізіледі, қолданыстағы (Санитарлық ережелер және Құрылыстық нормалар және ережелер) нормаларына сәйкес білім алушыларға тиесілі жағдай жасалды.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: оқу-зертхана құралдарының 1 атауының орташа құны - 301,0 мың теңге.
Уақтылығы: шарттарда көрсетілген мерзімге сәйкес материалдық-техникалық базаны жаңа оқу жылында нығайту.
Сапасы: білім алушылардың білім сапасын арттыру және жаңа технологияларды білім процесіне енгізу.
* республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асырылатын іс-шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
288-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
""Ғылым қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" деген 053 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1873791 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз жетпіс үш миллион жеті жүз тоқсан бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Еліміздегі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуға ықпал ету. Ғылымды дамытуға жеке және кәсіпкерлік сектордың қатысуын ынталандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ізденушілік, бастамашылық және тәуекелдік сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу;
ғылыми зерттеулерді іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ететін

тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және жобалық ұйымдардың тиімді әрекет ететін жүйелерінің элементтерін дамыту.
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жекеше қаржыландыруға ынталандыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 053 | | "Ғылым қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру | "Ғылым қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін: 1) ізденушілік, бастамашылық және тәуекелдік сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу; 2) ғылыми зерттеу-лерді іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ететін тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту; 3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жеке тұлғалармен қаржыландыруды ынталандыру; 4) "Ғылым қоры" АҚ-ның қызметін қамтамасыз ету | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың орындалуы.
Түпкі нәтиже: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жеке тұлғалармен және кәсіпкерлік сектормен қаржыландыруды ынталандыру.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды күнтізбелік жоспарға сәйкес орындау.
Сапасы: еліміздегі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына
289-ҚОСЫМША
225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын "Байқоңыр" кешені объектілерін және кешенін түгендеу және қайта бағалау" деген 054 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 289-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
289-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 289-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
057 "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 15299654 мың теңге (он бес миллиард екі жүз тоқсан тоғыз миллион алты жүз елу төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы N 217 Заңы ; " Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы; "Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық одан әрі дамуы жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі Жарлығы; "Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 311 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 мамырдағы 375 қаулысы ; "Теледидар, радиохабары және радиобайланысы республикалық қазыналық кәсіпорынын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қазандағы N 1419 қаулысы ; "Қазақтелерадио", телехабарларды, радио хабарларын тарату және радио байланысы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны мен "АРТБС" республикалық мемлекеттік кәсіпорынын "Қазақтелерадио" ашық акционерлік қоғамына қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпанындағы N 298 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Ғылыми-технологиялық даму үшін:

- "Самғау" Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ға берілген мемлекеттік активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- телекоммуникацияның бәсекеге қабілетті секторларын қалыптастыру және дамыту үшін, оның ішінде деректер берудің қазіргі заманғы технологияларын енгізу жолымен қолайлы жағдайлар жасау арқылы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

1. Экономиканың жекелеген салаларында ғылыми-техникалық даму бойынша стратегиялық басымдықтарды айқындау, "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ға кіретін компаниялар тобын басқарудың тиісті даму бағдарламасын, корпоративтік моделін әзірлеу, "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның әкімшілік шығыстарын төлеу.

2. Қазақстан Республикасының барлық облыстарын қамтитын, облыс және аудан орталықтарын, сондай-ақ облыстық бағыныстағы қалаларды қоса алғанда, ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымдар құру, телерадио хабарлары желісін орнықты жұмыс істету және техникалық жаңғыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру арқылы телерадио коммуникацияларын дамытуға жәрдемдесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар - лама коды | Кіші бағ - дар- лама коды | Кіші бағдарлама- лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 057 | | "Самғау" Ұлттық ғылыми - технологиялық холдингі " АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | 1) Экономика- ның жекелеген салаларында ғылыми | шілде- желтоқсан | Қазақстан Республи-касының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | технологияны дамыту бойынша стратегиялық басымдықтарды айқындау жұмыстарын жүргізу;<br>2) "Қазақтеле-радио" АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру үшін "Самғау" ғылыми-техно-логиялық холдинг" ұлттық АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту;<br>3) қазақстан-дық компаниялардың акциясын сатып алу. | | Білім және ғылым министр- лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

тікелей нәтиже: "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру;

түпкі нәтиже: экономиканың жекелеген салаларындағы ғылыми-технологиялық даму жөніндегі стратегиялық басымдықтарды анықтау;

"Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның капиталдық салымдарын қаржыландыру мүмкіндігі;

Техникалық жабдықтау және жаңғырту арқылы Қазақстан Республикасының аумағындағы теледидар және радиобағдарламаларды трансляциялаудың сенімділігі мен сапасын арттыру;

- жарықтар дабылының аялық кедергіге қатынасын кем дегенде екі есе (3 дБ) ұлғайту;

- дыбыстық сүйемелдеу арналарын псофометриялық шудан қорғануын алып жүруде кем дегенде екі есе (3 дБ) арттыру;

- радиотеледидарлық жабдықтардың техникалық үзіліс ұзақтығын электржабдықтау авариясы кезінде 80 пайызға төмендету;

- радиотеледидарлық жабдықтардың техникалық үзіліс ұзақтығын антенналық-фидерлік жүйесінің авариясы кезінде 2009 жылға қарай 50 пайызға төмендету;

ұзақтығы:

Іс-шараларды орындау бекітілген кестеге сәйкес белгіленген мерзімде жүзеге асырылатын болады;

жөндеу және авариялық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу шығыстарын төмендету, теледидарлық және радио бағдарламаларын трансляциялаудан түсетін кірісті арттыру.

сапасы:

"Самғау" холдингі" АҚ құрамына енген компаниялар қызметтерінің тиімділігін арттыру;

"Қазтелерадио" АҚ қызметінің тиімділігін телерадио хабар тарату жүйелерін қазіргі заманғы технологиялармен қамтамасыз ету және жаңғырту арқылы арттыру;

шалғай жатқан ауыл халқын республикалық теледидар және радиохабар бағдарламаларымен қамтуды 0,8 пайызға ұлғайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 289-2-ҚОСЫМША

*Ескерту. 289-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған 045 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру мемлекеттік жүйенің жаңа технологиялық енгізуге берілетін нысаналы трансферттер" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 024 543 мың теңге (бір миллиард жиырма төрт мың бес жүз қырық үш теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8-бабы, "2030 жылға дейінгі Қазақстанның Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : білім берудің жаңа деңгейіне кезең-кезеңімен көшу үшін жағдайлар жасау, білім беру сапасын арттыру, білім беруді ақпараттандыруды, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениет қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : білім беру жүйесінің бірыңғай білім беру

ақпараттық ортасын құру, әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне интеграциялану мақсатында Қазақстан Республикасының білім беруді ақпараттандыру жүйесін жақсарту және білім беру сапасын арттыру; жалпы орта білім беретін ұйымдарды мектептерді Интернет желісіне қосу арқылы жаһандық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құралдарымен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама- лардың атауы | Бағдарла- маны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 076 | 100 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру саласына мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивтік оқытуды енгізуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер | Республи- калық бюджеттен облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалалық бюджет- теріне жалпы орта білім берудің мемлекет- тік жүйесіне интерак - тивтік оқыту жүйесін енгізуге арналған нысаналы ағымдағы трансферт-терді Қазақстан Республи- касы Үкіметі- нің шешіміне сәйкес аудару, Жалпы орта білім берудің мемлекет- тік жүйесіне интерак- | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касы Білім және ғылым министрлі-гі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тивтік оқыту жүйесін енгізуді қамтама- сыз ету. | | Облыстар- дың, Астана, Алматы қалалары- ның әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

*тікелей нәтиже: 2007 жылы жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алынады, сондай-ақ кем дегенде 1000 мектепке, абоненттік төлемдер жүзеге асырылатын болады, оның ішінде:
Ақмола облысы - кем дегенде 30 мектеп, Ақтөбе облысы - кем дегенде 40 мектеп, Алматы облысы - кем дегенде 85 мектеп, Атырау облысы - кем дегенде 36 мектеп, Шығыс Қазақстан облысы - кем дегенде 78 мектеп, Жамбыл облысы - кем дегенде 80 мектеп, Батыс Қазақстан облысы - кем дегенде 40 мектеп, Қарағанды облысы - кем дегенде 84 мектеп, Қостанай облысы - кем дегенде 72 мектеп, Қызылорда облысы - кем дегенде 68 мектеп, Маңғыстау облысы - кем дегенде 18 мектеп, Павлодар облысы - кем дегенде 55 мектеп, Солтүстік Қазақстан облысы - кем дегенде 60 мектеп, Оңтүстік Қазақстан облысы - кем дегенде 108 мектеп, Алматы қаласы - кем дегенде 113 мектеп, Астана қаласы - кем дегенде 33 мектеп.
2007 жылы кем дегенде 307 мектепке модемдер алынып және олар ADSL жүйесіне қосылады, оның ішінде: Ақмола облысы - 15 мектеп, Алматы облысы - 30 мектеп, Атырау облысы - 36 мектеп, Шығыс Қазақстан облысы - 40 мектеп, Жамбыл облысы - 13 мектеп, Батыс Қазақстан облысы - 20 мектеп, Қостанай облысы - 20 мектеп, Қызылорда облысы - 30 мектеп, Маңғыстау облысы - 10 мектеп, Павлодар облысы - 53 мектеп, Солтүстік Қазақстан облысы - 20 мектеп, Оңтүстік Қазақстан облысы - 20 мектеп.
Кем дегенде 2000 педагог ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша оқыту курстарынан өткізілетін болады.
"Мультисервисті ақпараттық-коммуникативтік білім беру желісі" көпфункционалды жүйені құруға қажетті жабдықтар сатып алынатын болады.

Түпкі нәтиже: 2007 жылдың 1 қыркүйегінен бастап республика мектептерінде ашық сабақтарды трансляциялау жүргізілетін болады.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жоспарланатын орташа шығысы: "Мультисервисті ақпараттық-коммуникативтік білім беру желісі" көпфункционалды жүйесін құруға

қажетті жабдықтың 1 бірлігін сатып алуға 938,33 мың теңге, 1 мектепке модем сатып алуға 18,0 мың теңге, 1 мектепті ADSL жүйесіне қосуға 11,685 мың теңге, 1 айға абоненттік төлем 12,017 мың теңге, 1 педагогты оқытуға 1,227 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивтік оқыту жүйесін енгізу.

Сапасы: Білім беру ұйымдарын ғаламдық ақпараттық ресурстарға жоғары жылдамдықпен қол жеткізуін қамтамасыз ету.

* Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асырылатын іс-шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
290-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес"
деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5809 мың теңге (бес миллион сегіз жүз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлық пен есірткіге тәуелділіктің таратылуының алдын алу, мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі өзара іс-қимылын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы әлеуметтік емдеуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру; салауатты өмір сүруді насихаттау, есірткіге тәуелді адамдарды сауықтыруға және оңалтуға бағытталған іс-шаралар өткізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 104 | | Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес | Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында шығарма жазу конкурсын өткізу. Есірткіге тәуелді адамдарды ескерту, емдеу және оңалту саласындағы үкіметтік емес, оның ішінде жастар бірлестіктерін қолдау бойынша іс-шаралар өткізу. Педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар үшін есірткіге қарсы күрес тақырыбы бойынша оқыту циклдерін өткізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: балалардың жасөспірімдер мен жастардың салауатты өмір салты мен иммунитеттерін қалыптастыру.
Түпкі нәтиже: Республикадағы білім беру мекемелері оқушыларының арасындағы есірткіге тәуелді адамдардың санын қысқарту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: республикалық бюджет қаражатын тиімді қолдану.
Уақтылығы: бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес іс-шаралар өткізу.
Сапасы: оқушылардың, жастардың есірткі құралдарын пайдалану салдарынан келген нашақорлықтың залалын түсінуі.
Есірткі заттарын заңсыз пайдалану деңгейін төмендету және Қазақстан Республикасының 45 пайызға оқушылары мен студенттерінің салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
291-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту" деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 541324 мың теңге (бес жүз қырық бір миллион үш жүз жиырма төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістіктің дамуы мен "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының құрылуы туралы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті жою.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : нормативтік құқықтық және әдістемелік базасын құру, тұрғындарға электрондық білім қызмет көрсетуді құру, қалыптастыру және дамыту, тұрғындарды компьютерлік сауаттылыққа оқыту нәтижелерін мониторлау, ақпараттық технология және менеджмент саласында қашықтықтан және күндізгі білім беру оқыту-консалтингі орталықтарын құру туралы жобаға дейін жұмыс жүргізу, ақпараттың, білімнің, қызмет көрсетудің, өнімнің бағдарламалық қамтамасыз етілуіне жаңа экспорттық мүмкіндіктерді енгізу; ақпараттық-коммуникациялық технология сервистерін ұсыну, тұрғындарды ақпараттық қоғамға, сондай-ақ қашықтан оқытуға, Интернетке қосылуға жалпы мүмкіндік алу мен тұрғындарды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға жаппай үйрету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 116 | | Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | Тұрғындарға компьютерлік білім беру және сертификациялау үшін қашықтан оқыту және оқытушыларды даярлау орталығын құру. Тұрғындарға компьютерлік білім беру және сертификациялау үшін қашықтан оқыту және оқытушыларды даярлау орталығына негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу. Тұрғындарға компьютерлік білім беру және сертификациялау үшін қашықтан оқыту және оқытушыларды даярлау орталығын негізінде тұрғындарға компьютерлік білім беруші оқытушыларға тренингтік курстар өткізу. Тұрғындарды компьютерлік білімге оқытуға арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде оқу-әдістемелік нұсқаулықтарын әзірлеу және тираждау. Тұрғындарды компьютерлік білімге оқытуға арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық оқу бағдарламасын әзірлеу және тираждау . Тұрғындардың компьютерлік білімін сертификациялау жүргізуге мемлекеттік және орыс тілдерінде тесттер әзірлеу. Тыңдаушылардың мемлекеттік және орыс тілдерінде компьютерлік білім беру курсының бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеу. Мектеп, лицей, профмектеп және колледж оқушыларын және ЖОО студенттерін тестілеу. Қазақстандық білім беру веб-порталын құру және актуализациялауды қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: тұрғындарға компьютерлік білім беру және сертификациялау үшін қашықтан оқыту және оқытушыларды даярлау орталығын және 15 аймақтық орталықтарын құру, қазақша және орысша тілдерінде оқулық-әдістемелік пособия, электрондық оқыту бағдарлама, тест, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, білім порталын құру.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасында тұрғындардың компьютерлік білім алу көрсеткіштерін жоғары деңгейге жеткізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: орта есеппен алғанда жобаланған шығыс оқулық -

әдістемелер пособия - 1500 мың теңгені, электрондық оқыту бағдарлама - 9 000 мың теңге, тест - 5 000 мың теңге, бағдарламалық қамтамасыз етуді - 3000 мың теңге әзірлеуіне құрайды.
Уақтылығы: іс-шаралардың орындалуы бекітілген мерзімдерге сай келісіммен жүзеге асырылады.
Сапасы: Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздігін азайту және компьютерлік білім тұрғындардың санын алған 20%-ға дейін ұлғайту. Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздіктің азаюына септігін тигізетін компьютерлік кластарға келушілерге Интернет ақы ұсыну және үйрету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК